



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ  
«8D02314-Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы  
мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына  
сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясы  
жұмысының нәтижелері туралы

## **ЕСЕБІ**

27-29 сәуір, 2021жыл

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**  
**Сыртқы сараптау комиссиясы**

**IAAR**  
*Аккредиттеу кеңесіне  
жіберілді*



**«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ  
«8D02314-Әдебиеттану» білім беру бағдарламасымамандандырылған  
аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігінбағалау бойынша  
сыртқы сараптау комиссиясы жұмысының нәтижелері туралы  
ЕСЕБІ**

**27-29 сәуір, 2021жыл**

**Нұр –Сұлтан  
«29» сәуір, 2021жыл**

## МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	3
(II) КІРІСПЕ.....	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ.....	5
(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ.....	7
(V) ССК КЕЛУІН СИПАТТАУ.....	7
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ.....	8
6.1 «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты.....	9
6.2 «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты.....	13
6.3. «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты.....	16
6.4. «Білім беру бағдарламаларына тұрақты мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты.....	19
6.5 «Білім алушыларға орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімді бағалау» стандарты.....	23
6.6. «Білім алушылар» стандарты.....	27
6.7. «Профессор - оқытушылар құрамы» стандарты.....	32
6.8. «Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері» стандарты.....	37
6.9 «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты.....	41
(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША МЫҚТЫ ЖАҚТАРҒА ШОЛУ/ЕҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ.....	45
(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ.....	48
1 қосымша.....	50

## **(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ**

**АРТА** - Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі  
**ЕҰУ** – Еуразия ұлттық университеті  
**«Platonus» ААЖ** – «Platonus» Автоматты ақпараттық жүйесі  
**ЖОО** – жоғарғы оқу орны  
**ББ** – білім беру бағдарламасы  
**БП** – базалық пәндер  
**МАК** – мемлекеттік аттестаттау комиссиясы  
**МЖБС** – мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты  
**АКТ** – ақпараттық коммуникациялық технологиялар  
**ЖОЖ** – жеке оқу жоспары  
**ЭПК** – элективті пәндер каталогы  
**ҚР БҒМ** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
**ҒЗЖ** – ғылыми-зерттеу жұмыстары  
**ПОҚ** – профессор-оқытушылар құрам  
**ОЖЖ** – оқу жұмыс жоспары  
**ПОӘК** – пәннің оқу-әдістемелік кешені  
**ҚМА** – қорытынды мемлекеттік аттестаттау  
**ҰҒТАО** – ұлттық ғылыми техникалық ақпараттық орталық  
**ББҰ** – білім беру ұйымы  
**ҒЗИ** – ғылыми зерттеу институты  
**БАҚ** – бұқаралық ақпарат құралдары  
**ДҒЗЖ** – докторанттың ғылыми зерттеу жұмысы  
**РЖЭК** – республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхана  
**ҚазҰЭК** – қазақ ұлттық электрондық кітапхана  
**ОӘК** – оқу әдістемелік кешен

## **(II) КІРІСПЕ**

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің 01.04.2021 № 34-21-ОД бұйрығына сәйкес 2021 ж. 27-29 сәуір аралығында сыртқы сараптау комиссиясы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «8D02314-Әдебиеттану» білім беру бағдарламаларының сәйкестігін бағалады.

Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) есебінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қызметінің АРТА критерийлеріне мамандандырылған аккредиттеу аясындағы сәйкестігін бағалау, мамандандырылған профиль параметрлерін одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсыныстары қамтылған.

### **ССК құрамы:**

1. АРТА комиссиясының төрағасы – Щербина Алексей Владимирович, ф.ғ.д., доцент Оңтүстік Федералды Университеті;
2. АРТА сарапшысы – Уызбаева Анар Асанқызы, Ph.D, қауымдастырылған профессор Торайғыров университеті;
3. АРТА сарапшысы – Қайдарова Аймен Жексембайқызы, п.ғ.д., профессор Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті;
4. АРТА сарапшысы – Шкутина Лариса Арнолдовна, п.ғ.д., профессор, Букетов атындағы Қарағанды университеті;
5. АРТА сарапшысы – Каримова Гульмира Сарсемхановна, Ph.D, қауымдастырылған профессор Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
6. АРТА шетелдік сарапшысы – Симаева Ирина Николаевна, т.ғ.д., профессор И.Кант атындағы Балтық федералды университеті;
7. АРТА сарапшысы – Ахметова Лайла Сейсембекқызы, т.ғ.д., профессор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
8. АРТА шетелдік сарапшысы – Абдиев Таалайбек Қамбарұлы, т.ғ.к., доцент, «Манас» қырғыз-түрік университеті;
9. АРТА сарапшысы – Сафронова Людмила Васильевна, ф. ғ. д., профессор Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
10. АРТА сарапшысы – Абендова Елена Анатольевна, Ph.D., доцент, Нархоз университеті;
11. АРТА шетелдік сарапшысы – Марис Клавинс dr.habil.chem., профессор, Латвия университеті;
12. АРТА шетелдік сарапшысы – Мельник Виктор Александрович, б.ғ.д., Гомель мемлекеттік медицина университеті;
13. АРТА сарапшысы – Медведков Евгений Борисович, тех. ғ. д., профессор Алматы технологиялық университеті;
14. АРТА сарапшысы – Жаркевич Ольга Михайловна, Ph.D., Қарағанды технологиялық университеті;
15. АРТА сарапшысы – Иванникова Виктория Юрьевна Ph.D., доцент Ұлттық авиация университеті;
16. АРТА жұмыс берушісі – Кутлин Сергей Юрьевич директор ТОО “Logic-Soft”;
17. АРТА жұмыс берушісі – Хамзина Каламкас Каримтаевна Управление культуры г.Кокшетау
18. АРТА студенті – Балмуқанова Аружан Амангалеева студент 2 курса «Психология» Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета;
19. АРТА студенті – Магроева Зарина Бериковна студент 3 курса «Психология» Инновационный Евразийский университет;
20. АРТА студенті – Бердашева Арина Жасталаповна студент 2 курса «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта» Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета;
21. Агенттіктің бақылаушысы – Назырова Гульфия жоғары оқу орындарына институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасының жетекшісі (Нұр- сұлтан қ.,

Қазақстан Республикасы).

### **(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1996 жылғы 23 мамырдағы № 2996 бұйрығымен құрылған. Елбасының 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 жарлығымен «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, жетістіктерге негізделген жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби дамытуға қосқан зор үлесі үшін» университетке ерекше мәртебе берілді. Үкіметтің 2010 жылғы 17 қыркүйектегі № 957 қаулысымен «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру мекемелерінің кейбір мәселелері туралы» ЕҰУ КЕАҚ болып қайта құрылды.

Университеттің қызметі халықаралық және ұлттық деңгейде танымал. 2004 жылы Халықаралық қор Швейцария үкіметінің қолдауымен университетті «Мінсіз іскерлік беделі үшін» және «Іскери тәжірибеде жоғары сапасы үшін» алтын медальдармен марапаттады. 2005 жылы университет халықаралық беделді медальмен марапатталды

«Біртұтас Еуропа», және 2006 жылы қазіргі қоғамның интеллектуалды дамуына қосқан үлесі үшін Сократ сыйлығына ие болды (Оксфорд). 2012 жылы университет «Қызмет көрсететін үздік компания» номинациясы бойынша Президенттің «Алтын сапа» сыйлығының лауреаты, 2014 жылы - ТМД елдерінің өнім және қызмет сапасы саласындағы сыйлығының лауреаты болды.

Университет қызметкерлерінің табысты жұмысының нәтижелері ұлттық және халықаралық рейтингтердегі жетекші позициялар болып табылады. 2015 жылы университет QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS рейтингінде 371-ші орында, СҚАО және АРТА рейтингінде 1 орынға ие болды. 2003 жылы, 2008 және 2013, 2016 жылдары университет Мемлекеттік аттестаттаудан сәтті өтті, 2016 жылдың 1 қаңтарында институционалды аккредиттеу туралы куәлік алды (НКАОКО). Қазіргі уақытта университет халықаралық және ұлттық агенттіктерде (АИОР, ACQUIN, НКАОКО, НААР, ASIIN) 132 білім беру бағдарламаларын аккредиттеді.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің сапаны қамтамасыз ету саласында жеке Саясаты бар. Саясаты ашық ресурс – ЕҰУ-нің сайтына: <https://www.enu.kz/pictures/novosti/politikakach2015.jpg> және ішкі – <https://doc.enu.kz/> сайтында, университет бөлімдерінің ақпараттық стендтерінде, электрондық құжат айналымы жүйесінде орналастырылған.

Саясат университеттің стратегиялық менеджментінің бөлшегі болып табылады және миссия, құндылықтарына негізделеді.

«Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты қалыптастыру және бекіту» үдерісіне сәйкес» (PRO ENU 706-19) саясатты қалыптастыруға барлық мүдделі тараптар қатысады. Саясат Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Л. Н. Гумилев ЕҰУ миссиясы: Еуразия өңірінің жетекші ғылыми және білім беру орталығы ретінде қалыптасу, зерттеулер жүргізуді және озық білім алуды, экономиканың басым салаларын дамыту үшін кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін, өз қызметінің нәтижелері үшін мемлекет пен қоғам алдында жауапты ұйым болу.

Болжам: ұлттық зерттеу университеті білім мен ғылымның, өндірістің өзара тығыз байланысты интеграциясына негізделген (<https://www.enu.kz/ru/o-enu/osnovopolagayushchie-dokumenty/>).

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің сапаны қамтамасыз ету саласында жеке саясаты бар. Саясаты ашық ресурс – ЕҰУ-нің сайтына: <https://www.enu.kz/pictures/novosti/politikakach2015.jpg> және ішкі – <https://doc.enu.kz/>, университет бөлімдерінің ақпараттық стендтерінде, электрондық құжатайналымы жүйесінде орналастырылған.

Саясат университеттің стратегиялық менеджментінің бөлшегі болып табылады және миссия, құндылықтарына негізделеді.

«Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты қалыптастыру және бекіту» үдерісіне сәйкес» (PRO ENU 706-19) саясатты қалыптастыруға барлық мүдделі тараптар қатысады. Саясат Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Білім беру бағдардамасын әзірлеуде және стратегиялық дамытуда Қазақстан

Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім беру туралы» Заңына негізделіп жасалды <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

Еуразия ұлттық университетінде мамандарды даярлау жүйесі 3 білім беру баспалдағы бойынша жүзеге асырылады: жоғары негізді білім (бакалавриат), магистратура және PhD докторантура. Білім алушыларды Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ге қабылдау мемлекеттік білім гранты және ақылы негізде жүзеге асырылады.

«Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ» КЕАҚ Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі сапалы білім беретін ең ірі жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Университет құрамына 13 факультет кіреді.

Заманауи талаптарға сәйкес магистрлер мен PhD докторларын даярлау кезінде ғылыми басшылыққа Қазақстанның жетекші ғалымдары мен әлемнің ірі университеттері мен ғылыми орталықтарының шетелдік ғалымдары тартылуда.

Университет жоғары білікті мамандарды дайындайды, бұл оған Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың негізгі салаларын дамыту перспективаларын анықтауға қатысуға мүмкіндік береді. Бүгінде Университет қабырғасында жаратылыстану-техникалық және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылыми зерттеулер жүргізетін 28 ғылыми бөлімше жұмыс істейді. Ғылыми-зерттеу жұмысының басты бағыттары іргелі ғылымдар, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым міндеттерін шешу болып табылады. «8D02314 – Әдебиеттану» ББ бойынша PhD докторларын даярлауды қазақ әдебиеті кафедрасы және орыс филологиясы кафедрасы жүзеге асырады, олар міндетті, бейінді және элективті пәндерді оқытудың жоғары деңгейін және білім алушыларда қажетті құзіреттерді қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Кафедралар Елбасының 2017 жылғы 12-сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің көптеген әлеуметтік-саяси шешімдері негізінде жасалған бағдарламаны жүзеге асыруға өз үлестерін қосуда.

Қазіргі уақытта «8D02314 – Әдебиеттану» ББ бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын кафедралардың ПОҚ-на 35 маман, оның ішінде: 15 ғылым докторы, 19 ғылым кандидаты, 1 PhD кіреді.

Кафедралардың ПОҚ «8D02314 – Әдебиеттану» ББ докторанттарының кәсіби қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыруға дайын болуы үшін бар күшін салады: білім беру (педагогикалық), эксперименттік-зерттеу, ұйымдастыру-басқару және т.б.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ оқу процесі білім алушылардың мүдделерін толық көлемде ескеретін, олардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыратын, оқытушылар арасындағы бәсекелестік үшін жағдай жасайтын, оқытудың әртүрлі әдістері мен білім беру сапасын бақылау нысандарын жетілдіру және қолдану үшін кредиттік оқыту технологиясына негізделеді.

Кредиттік оқыту технологиясы білім беру бағдарламасының халықаралық деңгейде танылуын қамтамасыз етуге, білім алушылар мен ПОҚ-ның академиялық ұтқырлығы үшін жағдай жасауға, сондай-ақ білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту мен жетілдірудің заманауи талаптарына сәйкес кафедралардың ПОҚ қазіргі уақытта халықаралық ғылыми және білім беру кеңістігіне табысты интеграциялануы, жаһандану жағдайында педагогикалық қызметке, қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие жаңа формациядағы әдебиеттанушыларды сапалы дайындау бойынша жоспарлы және мақсатты жұмыс жүргізуде.

## (IV) АЛДЫҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

### (V) ССК КЕЛУІН СИПАТТАУ

Сыртқы сараптау комиссиясының университетінің сарапшылар комиссиясының 2021 жылғы 27-29 сәуір аралығында арнайы аккредиттеу бойынша бекітілген және алдын ала келісілген Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне сапар бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында 27.04.2021 ж. белгіленген жиналыс өтті, оның барысында Комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапардың кестесі нақтыланды, сараптама әдістерін таңдау мәселелерінде келісімге қол жеткізілді.

Университет қызметін бағалау бойынша объективті ақпарат алу мақсатында ССК мүшелері түрлі университеттің материалдық-техникалық базасын көзбен шолып қарау, құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлермен, оқытушылар, студенттер, түлектер және жұмыс берушілермен бақылау, сұхбат жүргізу, профессор-оқытушылар құрамына, студенттер, магистранттар, докторанттарға онлайн-сауалнама жүргізу сияқты әдістерді пайдаланды.

#### **НААР ССК-мен кездесулерге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы мәліметтер:**

Стандарт талаптарына сәйкес сапардың бағдарламасы проректорлармен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, декандармен, кафедра меңгерушілерімен, оқытушылармен, білім алушылармен, түлектермен, жұмыс берушілермен және әр түрлі бөлімшелердегі қызметкерлермен кездесулер, оқытушылар мен білім алушыларға сұхбат жүргізу және сауалнама жүргізуді қамтыды. Кездесулерге барлығы 565 адам қатысты (1-кесте).

Қатысушылар категориясы	саны
Ректор	1
Проректор	7
Құрылымдық бөлімше басшылары	14
Факультет декандары	7
Кафедра меңгерушілері	14
Оқытушылар	132
Білім алушылар	146
Түлектер	134
Жұмыс берушілер	110
<b>Барлығы</b>	<b>565</b>

Онлайн-экскурсия кезінде ССК мүшелері «8D02314 – Әдебиеттану» ББ қалыптастыру және даярлауда жұмыспен қамтушы ретінде Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы орталығын, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтын, аккредиттелетін бағдарламалар практикасының басқа да базаларын көрді, орталықтардың қызыметерлерімен онлайн кездесу ұйымдастырылды.

ССК мүшелері материалдық-техникалық базаның жай-күйімен танысып, аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын іске асыратын факультеттер мен кафедраларға, атаулы кабинеттер мен Ақпараттық модельдеу технологиялары зертханаларын көріп, жұмыстарымен танысты.

Аккредиттеу рәсіміне сәйкес онлайн-сауалнама 159 оқытушылардан, 650 білім алушылардан, оның ішінде бакалавриат және магистратура, докторантура білім алушылары арасында жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау туралы есепте көрсетілген ақпаратты растау үшін сыртқы сарапшылар университеттің жұмыс құжаттамасын сұрады және талдады. Сонымен қатар, сарапшылар университеттің ресми сайты <https://doc.enu.kz/> арқылы университеттің интернеттегі орналасуын зерттеді. Өзін-өзі бағалау бойынша есепте ұсынылған ақпаратты растау мақсатында сыртқы сарапшылар Университеттің жұмыс құжаттамасын сұратып, талдау жасады.

Университет ұжымы тарапынан ССК үшін барлық жағдай жасалған, барлық қажетті



ақпараттық ресурстарға қол жеткізу ұйымдастырылған. Университет сапар бағдарламасында көрсетілген іс-шаралардың белгіленген уақыт шеңберінде орындалуын қамтамасыз етті. Жоспарланған бағдарлама аясында ССК әзірлеген Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жақсарту бойынша ұсыныстар 29.04.2021 ж. университет басшылығымен өткен кездесуде ұсынылды.

Аккредиттеу кезеңінде қашықтықтан сабақ өткізілді, ССК мүшелері кесте бойынша сабақтарға қатысты:

«8D02314 – Әдебиеттану» мамандығының ББ бойынша «Әдебиеттанудағы мектеп мен бағыттар» пәні бойынша 27.04.2021 15:10-17:00  
(<https://teams.microsoft.com/l/meetupjoin/19%3a068439445a0949f598d64140986f87a3%40thread.tacv2/1615802241859?context=%7b%22Tid%22%3a%225a2fd781-9261-485a-af2b-6171d0efab73%22%2c%22Oid%22%3a%2202cefffc-cd23-411d-8825-65bcbdac2f6b%22%7d>),

«Көркем туындыдағы авторлық позиция» 28.04.2021 11:00- 14:00  
(<https://teams.microsoft.com/l/meetupjoin/19%3a9f2a7841d37844eb89f200c5f201afeb%40thread.tacv2/1618552391211?context=%7b%22Tid%22%3a%225a2fd781-9261-485a-af2b-6171d0efab73%22%2c%22Oid%22%3a%2245cf775e-e352-4ede-b1e3-c735bb8d01e9%22%7d>)

«Ғылыми зерттеу әдістері» 29.04.2021 15:10-16:00 (<https://teams.microsoft.com/l/meetupjoin/19%3a0bdf420a7c4e4ed6b607774cf82bcb1%40thread.tacv2/1618553167030?context=%7b%22Tid%22%3a%225a2fd781-9261-485a-af2b-6171d0efab73%22%2c%22Oid%22%3a%222250e047-335a-459e-95e3-895892dc83b4%22%7d>). Сабақтар талапқа сай, мультимедиалық технологиялармен өткізілді.

## (VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

- Мекемеде жарияланған сапа кепілдігі саясаты болуы керек.
- Сапаны қамтамасыз ету саясаты зерттеу, оқыту және оқу арасындағы байланысты көрсетуі керек.
- University Университет сапа кепілдігі мәдениетін дамытуы керек, оның ішінде БӨ контексінде. Quality Сапаны қамтамасыз ету міндеттемесі мердігерлер мен серіктестер жүзеге асыратын кез-келген қызметке (аутсорсинг), соның ішінде бірлескен / екі дәрежелі білім беруді және академиялық ұтқырлықты қолдануы керек.
- ҚО менеджменті оның жұмыс істеуін, университеттің нақты орналасуын және оның қызметінің мемлекеттің, жұмыс берушілердің, мүдделі тараптардың және студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуын талдауға негізделген даму жоспарының ашықтығын қамтамасыз етеді.
- ҚО менеджменті ҚО даму жоспарын қалыптастыру және жүйелі түрде қайта қарау тетіктерінің жұмыс істеуін және оның орындалуын бақылауды, оқу мақсаттарына қол жеткізуді бағалауды, студенттердің, жұмыс берушілердің және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруды, ББ үнемі жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылдауды көрсетеді. .
- ҚО менеджменті мүдделі тараптардың топтарын, оның ішінде жұмыс берушілерді, студенттерді және оқытушылар құрамын ҚБ дамыту жоспарын құруға тартуы керек.
- БӨ менеджменті БӨ дамыту жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымының даму стратегиясымен сәйкестігін көрсетуі керек.
- Университет БӨ шеңберіндегі бизнес-процестерге жауапты қызметкерлердің нақты анықтамасын, персоналдың міндеттерін біржақты бөлуді және алқалы органдардың функцияларын шектеуді көрсетуі керек.
- ББ менеджменті білім беру бағдарламаларын басқару жүйесінің ашықтығын дәлелдеуі керек.
- БӨ басшылығы оны жобалауды, басқаруды және бақылауды, жетілдіруді, фактілерге негізделген шешімдерді қабылдауды қоса алғанда, БП сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің табысты жұмысын көрсетуі керек.

- ҚО менеджменті тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы керек.
- ББ менеджменті мүдделі тараптар өкілдерінің (жұмыс берушілер, оқытушылар құрамы, студенттер) білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарына қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару туралы шешім қабылдауда олардың өкілдігін қамтамасыз етуі керек.

University университет инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді қоса алғанда, ББ шеңберінде инновациялық менеджментті көрсетуі керек.

Р ҚО менеджменті студенттер, оқытушылар құрамы, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тараптар үшін ашықтық пен қол жетімділіктің дәлелі болуы керек.

Р ББ менеджменті білім беруді басқару бағдарламалары бойынша оқытылуы керек.

- БӨ менеджменті келесі процедураға дайындық кезінде сапаны қамтамасыз етудің соңғы сыртқы рәсімінен бастап қол жеткізілген жетістіктердің ескерілуіне ұмтылуы керек.

### ***6.1 «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты Дәлелдеу бөлімі***

«8D02314 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаттары мен құзыреттіліктері Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің миссиясына, стратегиясына, көзқарасына сәйкес әзірленген.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ іске асыру және оны әрі қарай дамыту көптеген ұйымдармен белсенді түрде өзара ықпалдасуды, түрлі стейкхолдерлердің әр түрлі мүдделері мен талаптарын есепке алуды көздейді. Барлық қызығушылық білдірген жақтарды тұтас біркелкі, ББ даму траекториясына әсер ететін бөлшектердің жалпы мақсаты, сарыны және мүдделері ретінде қарастыруға болады. Негізгі стейкхолдерлердің мүдделері мен талаптарын есепке алу білім беру бағдарламасына тұрақты бәсекелестік басымдықтарға ие болуға және аталған мамандық аясында PhD докторларды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мүдделері мен талаптары «8D02314 – Әдебиеттану» ББ даму жоспарына әсер ететін негізгі стейкхолдерлерді 2 топқа бөлуге болады.

Бірінші топ – сыртқы стейкхолдерлер:

– күзіретті мамандарды даярлауда қызығушылық білдіретін жұмыспен қамтушылар (түрлі білім беру мекемелері, ҒЗИ).

Жұмыспен қамтушының, университетпен келісім-шарт жасау барысында білім беру бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыруды жоспарлау үдерісіне қатысуға мүмкіндігі бар.

2016-2017 оқу жылы «8D02314 – Әдебиеттану» ББ қалыптастыру және даярлауда жұмыспен қамтушы ретінде Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы тартылды, және элективті пәндер тізімінің бөлшегі оқу жоспарлары аясында жұмыспен қамтушы ұсыныстары негізінде енгізіледі.

Екінші топ – ішкі стейкхолдерлер:

– докторантураның білім алушылары;

ББ даму жоспары мен оны қалыптастыру үдерістері туралы қызығушылық білдірген тұлғалардың ақпаратқа ие болуы филология факультетінің сайты арқылы қамтамасыз етіледі <https://ff.enu.kz/subpage/kafedra-kazahskoj-literatury>.

«8D02314 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының мазмұны базалық және бейіндік пәндер циклын зерделеуді қамтитын теориялық оқудан және докторанттардың практикалық даярлауынан: педагогикалық, зерттеу практика, ғылыми машықтанудан; докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегенде ғылыми зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысынан; аралық және қорытынды атестаттаудан тұрады. ББ ғылыми зерттеулермен, оқумен және оқытумен тығыз байланысты. ББ зерттеу практикасы білім алушының ғылыми зерттеу жұмыстары қамтылып, оқытылатын пәндер мазмұны ғылыми ізденістермен байланыстырылады. Мысалы, «Ғылыми зерттеу әдістері», «Академиялық жазба» пәндерін оқытуда білім алушының зерттеуді жүзеге асыруына тікелей бағыт беріледі.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттарына, стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне, ұлттық және әлем контексіне сәйкес 2020 жылы сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты

өзектелген <https://www.enu.kz/downloads/materials/politika-v-oblasti-kachestva-kaz.pdf>. Өзектелген саясатта сапаны қамтамасыз ету үдерістеріне студенттерді белсенді тартуды қамтамасыз ететін студентке негізделу принципіне, білім беру ортаны қалыптастыруға назар аударылған. Сапаны кепілдік етудің маңызды принципі ретінде жұмыспен қамтушылармен ықпалдастық, студенттердің кәсіпкерлік рухы мен инновациялық дағдылар белгіленген.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ ЖОО миссиясына үндесті және іс-әрекеттің болашақ нәтижесінің үлгісі болып табылады.

«8D02314 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының мазмұны базалық және бейіндік пәндер циклын зерделеуді қамтитын теориялық оқудан және докторанттардың практикалық даярлауынан: педагогикалық, зерттеу практика, ғылыми машықтанудан; докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегенде ғылыми зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысынан; аралық және қорытынды атестаттаудан тұрады.

«8D02314 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының дайындауда Еге университеті Түркі дүниесін зерттеу институты (Түркия: Измир), Силез университетінің (Польша: Катовице) білікті профессорлары білім алушыларға ғылыми кеңесшілік жасайды, академиялық ұтқырлықтық бойынша дәрістер оқиды.

Әріптес ЖОО-ларға қойылатын талаптар: профессор мамандардың біліктілігі, жоғары рейтингі, ғылыми ізденістердегі үлкен жетістіктер.

Шетелдік ғылыми кеңесшілер мен дәріс оқушы профессорлардың жұмысына талдау жасалып, ғылыми ізденіс, тағылымдама бойынша есептерде көрініс табады.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ толық сипаттамасы кафедраның бетінде орналасқан <https://ff.enu.kz/subpage/obrazovatel-nye-programmy-kafedra-kazahskoj-literatury/> <https://www.enu.kz/downloads/fevral-2021/op8d02314.pdf>. Сондай-ақ кәсіби құзыреттер, алатын біліктілік, мамандықтың ерекшелігі және еңбек нарығы, оқуға түсу талаптары мен оқу ақысы туралы да ресми сайтта ақпараттар жүктелген.

ББ ұлттық және шетел әдебиеттану саласында жүйелі білімі мен құзыретіне ие білікті кадрларды даярлауға бағытталған. Базалық және бейіндік, оның ішінде бір-бірімен байланысты пәндерді интеграциялау оқытуды ұйымдастыру ерекшелігін еңбек нарығы талаптарына сәйкес есепке алуға мүмкіндік береді. Жұмыспен қамтушылар талаптарын қанағаттандыратын білім алушылардың өз оқыту траекториясын құрастыруға мүмкіндік беретін ББ болашаққа нақты бағдарланады. ББ қалыптастыруға жұмыспен қамтушыларды тарту мен қатыстыру және қазіргі еңбек нарығы мен білім беру жүйесінің дамыту үрдістері талаптарын есепке алу арқылы мазмұны құрылымын жетілдіреді.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде және ҚР ҰҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында мамандар даярлау жүзеге асырылуда. ББ бойынша білім алған түлектер гуманитарлық ғылым саласында, журналистика саласында сұранысқа ие.

«8D02314 – Әдебиеттану» Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ЕҰУ білім беру саясатына сәйкес өзіндік ерекшелігімен әзірленген. ББ қамтылған пәндер әдебиеттану ғылымының заманауи дамуына орайластырылған.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ білім беру үдерісінің мақсаттары, күтілетін нәтижелері, мазмұны, іске асыру жағдайлары мен технологияларын, мамандарды даярлаудың аталған бағыты бойынша даярлау сапасын реттейді.

ББ бойынша даму жоспары бар - <https://www.enu.kz/downloads/mart-2021/literaturovedenie-21-25.pdf>.

2016-2017 оқу жылы «8D02314 – Әдебиеттану» ББ қалыптастыру және даярлауда жұмыспен қамтушы ретінде Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы элективті пәндер тізімінің бөлшегі оқу жоспарлары аясында жұмыспен қамтушы ретінде ұсыныстар енгізген.

ББ дайындауда жұмыспен қамтушы ұйыммен бірлесіп атқарылатын жұмыстар: ББ үшін білім беру ортасын жобалау. Докторанттарда оқытудың жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру және іске асыру. Докторантураның модульдік білім беру бағдарламасын әзірлеу. Оқу жұмыс жоспары мен МОП пәндерін (жұмыс оқу бағдарламаларын; пәндердің оқу-

әдістемелік кешендерін (ПОӘК), элективті каталогтарды оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу. Оқу-әдістемелік әдебиетті басып шығару жоспарын қалыптастыру, оның орындалуын бақылау және білім алушылардың оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі жөніндегі есептерді дайындау. ББ құзыреттілік көзқарас негізінде жетілдіру және оқу үдерісіне қазіргі білім беру технологиялары мен әдістерін енгізу. ББ, өз бетімен білім алуға және өз бетімен білім деңгейін жетілдіруге бағдарланған, кәсіби өсу, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлық үшін ашық түлектердің практикалық іс-әрекетінде білім, инновациялық әдістемелер мен технологияларды практикалық қолдануға бағдарлануы.

ББ даму жоспары ұлттық даму басымдықтарына және университеттің даму стратегиясына сәйкес келеді.

ББ шеңберінде ішкі және сыртқы нормативтік-құқықтық актілердің дерекқоры бар. Оқу процесін басқару нақты анықталған және жұмыспен қамтушы ұйыммен бірлесіп жүзеге асырылған.

Кафедрада «8D02314 – Әдебиеттану» ББ жасау бойынша комитет жұмыс жасайды. Комитеттің құрамына қазақ әдебиеті кафедрасының ОПК, жұмыспен қамтушылар, сондай-ақ «8D02314 – Әдебиеттану» ББ бойынша білім алушылар кіреді.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ жасау бойынша Комитет құрамына:

1. Оразбек Мақтагүл – ф.ғ.д., қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Комитет төрағасы;
2. Тлешов Ербол – ф.ғ.к., «Шайсултан Шаяхметов атындағы Республикалық тілдерді дамытудың координациялық-әдістемелік орталығы» директоры, жұмыспен қамтушы;
3. Кенжегулова А.С – магистр, аға оқытушы, комитет мүшесі;
4. Сүлейменова Ш.Б – «8D02314 – Әдебиеттану» ББ білім алушысы.

Кафедра мәжілістерінде «8D02314 – Әдебиеттану» мазмұны талқыланады, ББ алдын ала кафедра мәжілістерінде жұмыспен қамтушылар мен білім алушылардың қатысуымен талқыланады (қазақ әдебиеті кафедрасының 14.04.2020 ж. №9 хаттамасы)

Қазақ әдебиеті даярлаушы кафедралары университеттің стратегиялық даму жоспарына (<https://www.enu.kz/enu-turaly/negiz-gi-kuzhattar/>) сәйкес ББ стратегиялық, тактикалық және оперативті жоспарлауды іске асырады. Білім беру бағдарламасы университеттің ресми сайтында кафедра бетіне жүктеледі <https://www.enu.kz/downloads/fevral-2021/op8d02314.pdf>.

Ішкі стейкхолдерлер, «Шайсултан Шаяхметов атындағы Республикалық тілдерді дамытудың координациялық-әдістемелік орталығы» ББ даму жоспары мен оны қалыптастыру үдерістері туралы қызығушылық білдірген тұлғалардың ақпаратқа ие болуы филология факультетінің сайты арқылы қамтамасыз етіледі.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де ББ енген пәндер, өндірістік, педагогикалық, ғылыми зерттеу практикалары аса жауапкершілікпен қаралған. Білім алушылар әр пәнді АИС Platonus жүйесі арқылы таңдайды.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ресми сайтында барлық нұсқаулықтарға қол жетімді. Университет ректорының жеке блогы бар <https://www.enu.kz/ru/blog-rectora/>. ЖОО-да кері байланыс онлайн тиімді ұйымдастырылған. Басшылық білім алушылардан, қызметкерлерден, сыртқы орта өкілдерінен келіп түсетін барлық сұрауларға кері байланыс жасайды.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ іске асыру мониторингі және оны мерзімдік бағалау оқыту мақсаттарына жетуді, ББ білім алушылар, жұмыспен қамтушылар мен қоғам қажеттіліктеріне сәйкестігін кепілдік етеді. Мониторинг және бағалау нәтижелері негізінде білім беру бағдарламасын үнемі жақсартуға бағытталған шешімдер қабылданады.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ жасаушы кафедралар ЖОО-ның әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыру, педагогикалық процестерді диагностикалау т.б. білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқытудан өтетіндігі айқындалды.

ББ сыртқы бағалау рәсімдерінен өткен. Сыртқы сапаны қамтамасыз ету процедурасынан өту нәтижелері жақсы. Сапаны қамтамасыз етудің соңғы рәсімінің қорытындысы бойынша ЖОО-ға қандай ұсыныстар орындалды. Жыл сайын ББ мазмұнының нарық талаптарына сәйкестігі мониторингі, талдау және бағалауы іске асырылады. Осы сұрақтарының бәрі де жұмыспен қамтушылармен талқыланады. «8D02314 – Әдебиеттану» ББ іске асыру мониторингі және оны

мерзімдік бағалау оқыту мақсаттарына жетуді, ББ білім алушылар, жұмыспен қамтушылар мен қоғам қажеттіліктеріне сәйкестігін кепілдік етеді. Мониторинг және бағалау нәтижелері негізінде білім беру бағдарламасын үнемі жақсартуға бағытталған шешімдер қабылданған.

### *Аналитикалық бөлім*

Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ пен қызметкерлердің жұмысқа қанағаттану деңгейін анықтау үшін жыл бойы «Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару» бөлімі қызметкерлері тарапынан сауалнамалар жүргізіліп отырған. Нәтижесінде ПОҚ пен қызметкерлердің жұмысқа қанағаттану деңгейін жақсарту шаралары жасалған. <https://www.enu.kz/downloads/mart-2021/literaturovedenie-21-25.pdf>.

АРТА-ның ССК мүшелері ректормен, кафедра меңгерушілерімен, құрылымдық бөлімшелер басшыларымен, білім алушылармен, профессор - оқытушылық құраммен, жұмыс беруші ұйымдар өкілдерімен және түлектермен кездесулер, әңгімелесулер және сұхбат жүргізе отырып, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерге сауалнама жүргізіп, университеттің оқу инфрақұрылымымен, материалдық-техникалық және ақпараттық-әдістемелік ресурстармен және қажетті құжаттармен толық танысу нәтижесінде ББ даму жоспарын қалыптастыру үдерістерінің айқындығы, оған барлық ұжымның қатысатындығын растады. Бұл туралы университеттің негізгі үдерістерін басқаруды қамтамасыз ететін Ғылыми кеңес, ректорат, оқу-әдістемелік кеңес қызметі құжаттары да куәландырады.

ССК ЖОО-да ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсететін сапаны қамтамасыз етудің жарияланған саясаты, университеттің және аккредиттелетін ББ-ның Стратегиялық даму жоспары бар екенін растайды.

Сондай-ақ ССК білім беру бағдарламаларын басқаруда алқалық органдардың құрамына мүдделі тұлғалар өкілдерінің қатысатындығын, ББ басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың пікірі ескерілетіндігін растайды. Атап айтар болсақ, Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты және Нұр-Сұлтан қалалық білім беру мекемелері, шетелдік университеттер т.б. жұмыс беруші мекемелермен меморандумдар жасалып, ынтымақтаса жұмыс істеу жөнінде түрлі мерзімдегі келісімшарттарға қол қойылған.

ЖОО БББ басқару жүйесінің ашықтығын көрсетті.

ББ басшылығы мен басшылықтың ашықтығы мен қол жетімділігі принципі сақталған Сауалнаманың нәтижелері бойынша университеттің профессор-оқытушылық құрамы университет басшылығының оқу бағдарламасының мазмұнына назарын жоғары бағалайтынын атап өткен жөн. Сонымен, «Оқу орнының басшылығы білім беру бағдарламасының мазмұнына қалай назар аударды?» деген сұраққа «өте жақсы» (77,4 %), «жақсы» (22,6 %), «қанағаттанарлық» (0 %) деп жауап берді.

ЕЭК АРА-ға барған кездегі профессор-оқытушылар құрамының сауалнамасы оқытушылар үшін басшылықтың жеткілікті ашықтығы мен қол жетімділігін көрсетті: өте жақсы – (41,5 %) , жақсы (50,3 %), «қанағаттанарлық» (6,9 %) бұл бізге университет ішінде дамыған байланыс жүйесінің болуы туралы сөйлеуге мүмкіндік береді.

Аккредиттелуші «8D02314 – Әдебиеттану» ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша біліктіліктерін көтерген.

### *Мықты жақтары*

1. ББ басшылығы БББ жұмыс істеуін талдау, ЖОО-ның нақты позициялануы және оның қызметінің мемлекеттің, жұмыс берушілердің, мүдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы негізінде ББ дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді;

2. ББ іске асыру мониторингі және оны мерзімдік бағалау оқыту мақсаттарына жетуді, БББ білім алушылар, жұмыспен қамтушылар мен қоғам қажеттіліктеріне сәйкестігін кепілдік етеді;

3. ББ ұлттық және шетел әдебиеттану саласында жүйелі білімі мен құзыретіне ие білікті кадрларды даярлауға бағытталған;

4. ББ өз бетімен білім алуға және өз бетімен білім деңгейін жетілдіруге бағдарланған, кәсіби

өсу, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлық үшін ашық түлектердің практикалық іс-әрекетінде білім, инновациялық әдістемелер мен технологияларды практикалық қолдануға бағдарланған;

5. Бітірушілердің 100 пайыз жұмысқа орналасуы;

6. ББ сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің тетігі ретінде сапаны қамтамасыз етудің бекітілген саясатының болуы;

7. ББ енген пәндер, өндірістік, педагогикалық, ғылыми зерттеу практикалары аса жауапкершілікпен қаралған;

8. Білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың ББдамыту жоспарын қалыптастыруға қатысуы;

9. Жұмыспен қамтушылар талаптарын қанағаттандыратын білім алушылардың өз оқыту траекториясын құрастыруға мүмкіндік беретін ББ болашаққа нақты бағдарланады;

10. ЖОО-да кері байланыс онлайн түрінде тиімді ұйымдастырылған.

### **ССК ұсыныстары:**

1. Университет <https://ff.enu.kz/subpage/kafedra-kazahskoj-literatury> сайтында «8D02314 – Әдебиеттану» мамандығы туралы ақпараттар легін арттыру;
2. «8D02314 – Әдебиеттану» саласында басқа университеттермен халықаралық ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін, сондай-ақ Еуропалық Одақ пен білім беру қорлары қаржыландыратын халықаралық бағдарламаларға қатысу.

**«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша ССК қорытындысы: .10 -күшті, 7-қанағаттанарлық.**

### **6.2 «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты Дәлелдеу бөлімі**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ақпаратты басқару, оның ішінде ақпаратты жинақтау және талдау үдерістерін енгізеді. ЕҰУ-де университеттің және оның бөлімдерінің ақпараттық қамтамасыздандыру қызметіне жауапты арнайы баспасөз қызметі жұмыс істейді; БАҚ арқылы университеттің қызметі жайлы оң қоғамдық пікір қалыптастыру; журналистерге, олардың университеттің және оның бөлімдерінің қызметін хабарлау бойынша жүргізілетін жұмыстарына ықпал ету; БАҚ мониторингі, университет қызметі бойынша қоғамдық пікірдің өзгеру бағытын зерттеу және оған БАҚ-тың ықпалын бағалау <http://www.enu.kz> ресми сайты мен «[enu@enu.kz](mailto:enu@enu.kz)» электрондық порталында көрініс табады.

Қызмет өз жұмысында Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің баспасөз-қызметі туралы Ережесін басшылыққа алады.

Баспасөз қызметі ҚР-ның «Білім туралы», «Ғылым туралы» «БАҚ туралы» Заңдарына, Университет Жарғысына сәйкес дайындалған және тікелей ректорға немесе оның тапсырмасымен университет проректорларының біріне жүктеледі. Ішкі БАҚ-пен тығыз байланыста болады: «Еуразия университеті» газетінің редакциясымен, Университеттің интернет-сайтымен ([www.enu.kz](http://www.enu.kz)).

2011 жылдың 2 желтоқсанынан бастап барлық білім алушыларды Еуразия ұлттық университетінде өткізілген маңызды іс-шаралар мен болған оқиғалар жайлы ақпарат беретін «Еуразия - ТВ» телеарнасы жұмыс істейді. «Еуразия - ТВ» арнасы әрбір жұма сайын эфирге шығады, хронометражы - 15 минут. Арнадағы жаңалықтар екі тілде таратылады.

Аптасына 2 рет «Еуразия ФМ» радиосы эфирге шығады. Бейсенбі күні жастар блогы жұмыс істейді. Университеттегі маңызды оқиғалармен таныстыратын жаңалықтар блогы әр жұма сайын эфирге шығады.

Ақпаратты басқару мәселелерімен техникалық қолдау орталығына жататын «Инфрақұрылымды дамыту бойынша департамент» айналысады, «Веб-өкілдік бөлімі» Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ресми сайтына толықтай қадағалауда ұстайды ([webmaster@enu.kz](mailto:webmaster@enu.kz)).

Веб-топ білім алушыларға университетте өткен іс-шаралар мен оқиғалар жайлы нақты, әрі жедел түрде ақпарат береді, ақпарат қазақ, орыс, ағылшын, қытай, араб және түрік тілдерінде таратылады. Қызмет көрсетудің маңызды қыры қазақстандық және шетелдік талапкерлерге көмек болып табылады.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де ББ тиімді басқару, жоғарғы сапаны қамтамасыз мақсатында ішкі құжаттар, ақпараттар сарапталып, жаңаланып отырады. ББ тиімді басқару, жоғарғы сапаны қамтамасыз ету мақсатында жаңа технологиялар пайдаланылады. 2020 жылдан бастап Ғылыми кеңес пен ректорат мәжілістерін өткізудің жаңа форматы – онлайн тәртібіндегі мәжілістер, ректордың көпшілік және БАҚ алдындағы есеп, ашық ректораттар енгізілген.

ЖОО сапаны қамтамасыз ету үдерістеріне білім алушыларды белсенді тартуды қамтамасыз ететін студентке негізделу принципiне, білім беру ортаны қалыптастыруға назар аударылған. Сапаны кепілдік етудің маңызды принципі ретінде жұмыспен қамтушылармен ықпалдастық, студенттердің кәсіпкерлік рухы мен инновациялық дағдылар белгіленген. «8D02314 – Әдебиеттану» ББ ЖОО миссиясына үндесті және іс-әрекеттің болашақ нәтижесінің үлгісі болып табылады. «8D02314 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының мазмұны базалық және бейіндік пәндер циклын зерделеуді қамтитын теориялық оқудан және докторанттардың практикалық даярлауынан: педагогикалық, зерттеу практика, ғылыми машықтанудан; докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегенде ғылыми зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысынан; аралық және қорытынды атестаттаудан тұрады.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ іске асыру мониторингі және оны мерзімдік бағалау оқыту мақсаттарына жетуді, ББ білім алушылар, жұмыспен қамтушылар мен қоғам қажеттіліктеріне сәйкестігін кепілдік етеді. Мониторинг және бағалау нәтижелері негізінде білім беру бағдарламасын үнемі жақсартуға бағытталған шешімдер қабылданады.

Сонымен, ЕҰУ-да ақпаратты басқару іске асырылады, электрондық құжатайналымы жүйесі енгізілген, жетекшіліктің өкілеттері мен жауапкершілігі нақты бөлінген және лауазымдық нұсқауларда бекітілген.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-да ақпаратты қорғау мен оның сақталуын қамтамасыз ететін ақпаратты өңдеу, бағалау және талдаудың түрлі формалары қолданылады. Негізгі ішкі құжатайналымы логин мен құпия сөз арқылы қол жеткізуге болатын Directum RX (<https://directum.enu.kz/DrxWeb/#/>) желісінде жүргізіледі. Білім алушылардың үлгерім туралы жеке мәліметтері және т.б. ұсынылатын АИС PLATONUS жүйесі бейтарап адамдардың кіруінен қорғалған, білім алушылар, ОПҚ мен басқарушы персонал арнайы логин және құпия сөз арқылы қолдана алады.

Білім алушылардың барлық оқу кезеңіндегі жеке мәліметтері жайлы ақпараттың толық сақталуына жауапкершілік тіркеу бөліміне жүктелген. Сондай-ақ бөлім жалпы университет, факультет, курс, мамандық, тілдер бөлімі, оқу формасы бойынша контингент қозғалысын ескере отырып, білім алушылар контингентінің қалыптасуымен айналысады.

ЕҰУ-да Қазақстан Республикасы аумағындағы құпиялылық ережелерін сақтаудың бірыңғай тәртібін ұйымдастыруды айқындайтын және Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары, ұйымдары және азаматтары сақтауға міндетті жетекші құжат болып табылатын Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 15 наурызындағы «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңына сәйкес әзірленген «Қазақстан Республикасының құпиялығын қамтамасыздандыру нұсқаулығына» сәйкес «Арнайы құжаттармен жұмыс істеу бөлімі» жұмыс істейді. Бөлім университеттің құпия жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асыру бойынша өндірістік қызметіне тікелей қатысатын құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

ЕҰУ ақпараттық ағынды басқару және шектеу қызметін жүзеге асырады – «Евразия ақпарат» Оқу ақпараттық орталық» - Еуразия ұлттық университеті құрылымдық бөлімшесі, жұмыс жасайды.

«Еуразия университеті» газеті. Білім алушыларға ЕҰУ-дегі ғылыми және қоғамдық жағдайлар туралы ақпараттарды ұсынады, оның ішінде конференция мен симпозиумдар, семинарлар туралы т.б. ақпарат та бар. Білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ-ты ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне белсенді қатысады.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас орнатылған <https://ff.enu.kz>, <https://ff.enu.kz/page/contacts>, <https://ff.enu.kz/subpage/virtual-naya-kafedra-kazahskoj-literatury> . Университетте қандай да бір мәселелерді шешу жолдары бар. ББ шеңберінде кафедра, деканат, басшылық бөлімдердің барлығы білім мәселелерді шешуге белсене араласады. Университеттің өзіндік ережелері сақталған.

Университет қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін, оның ішінде ББ бөлінісінде бағалау рәсімдері арнайы сауалнамалар арқылы анықталады. Білім алушылардан АИС Platonus <https://edu.enu.kz/> жүйесі арқылы сауалнама алынған. Білім алушы пән оқытушы, ғылыми жетекшілеріне, сонымен қатар университеттің жалпы жүйесіне баға бере алады. Бұл ЖОО қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау процесіне, оның ішінде ББ деңгейін анықтауға көмектеседі.

ББ шеңберінде университет басшылығы, кафедра қызметкерлері білім алушылардың үлгерім деңгейі, студенттердің жетістіктері және оқудан шығару мәселелерін үнемі кафедра мәжілісінде талқылап отырған. Университет кеңесінде білім алушылардың үлгерімімен қатар, білім беру ресурстары, түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі де талданады. Жиналған ақпараттың саралап, есеп жасалған. <https://www.enu.kz/ru/o-enu/osnovopolagayushchie-dokumenty/>

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ББ басшылығы ғылымның тиісті салаларында барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді. ЖОО-да ғылыми зерттеулерді ақпараттық қолдау жүйелі ұйымдастырылған. ҒЗЖ орындаушылары, ПОҚ және білім алушылар ғылыми әдебиет қорларына электронды кітапхана немесе университет кітапханасы арқылы қол жеткізе алады. ББ басшылығының ғылыми зерттеулерді барлық қажетті ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етеді. «8D02314 – Әдебиеттану» ББ бойынша білім алушылар, ғылыми қызметкерлер, ПОҚ құрамы кітапхана арқылы қажетті ақпараттық ресурстарға қол жеткізе алады.

Сонымен, ЕҰУ-да ақпаратты басқару іске асырылады, электрондық құжатайналымы жүйесі енгізілген, жетекшіліктің өкілеттері мен жауапкершілігі нақты бөлінген және лауазымдық нұсқауларда бекітілген, электронды кітапханасы, ақпараттық базасы қалыптасқан.

#### *Аналитикалық бөлім*

Аккредиттелетін бағыт бойынша "Ақпаратты басқару және есептілік" стандарты мазмұны мен мағыналық жүктеме бойынша БББ-н талдай отырып, комиссия университетте докторанттарды қабылдау, үлгерім, контингенттің қозғалысы, кадрлық құрам, ПОҚ және докторанттар мен т. б. докторанттардың академиялық ұтқырлығы бойынша ақпаратты басқару және есеп беру жүйесі жұмыс істейтініне және ол университеттің, кафедралардың, ректораттың және Ғылыми кеңесінің отырыстарында тұрақты есептерде ұсынылғанына көз жеткізді.

Ұсынылған материалдар кафедра қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін қамтитын және ББ контекстінде ақпаратты жинау мен талдаудың әртүрлі әдістерін қолдануға негізделген тұрақты есеп беру жүйесінің бар екенін растайды (оның ішінде "Platonus" ААЖ және электрондық құжат айналымы жүйесі). Университетте "Platonus" ААЖ толық нұсқада жұмыс істейді, сондай-ақ ақпаратты басқару процесін өзіндік бағдарламалық қамтамасыз ету (сандық ЖОО, кесте, жұмысқа орналастыру және тәжірибе және т. б.) әзірленіп, енгізілді.

Ақпарат пен есептілікті басқару процесін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін университет сайтының сапалы және толық мазмұнын айқындай отырып, комиссия сайттың белсенді жұмыс жасайтынын және ақпаратты табудың оңтайлы әдісін қолданатынын атап өтеді.

#### *Мықты жақтары*

1. ББ тиімді басқару, жоғары сапаны қамтамасыз ету мақсатында ішкі құжаттар, ақпараттар сарапталып, жаңаланып отырады;

2. ЖОО білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас орнатылған. Университетте қандай да бір мәселелерді шешу жолдары бар. ББ



шеңберінде кафедра, деканат, басшылық бөлімдердің барлығы түйткілді мәселелерді шешуге белсене араласады;

3. ББ басшылығы ғылыми зерттеулерді ақпараттық қолдауды жүйелі қамтамасыз етеді. ҒЗЖ орындаушылары, ПОҚ және білім алушылар ғылыми әдебиет қорларына электронды кітапхана немесе университет кітапханасы арқылы қол жеткізе алады;

4. Университеттің электрондық кітапханасы, ақпараттық базасы білім алушыларды және ПОҚ ақпараттық құралдармен және ғылыми еңбектермен қамтамасыз етуге қолжетімді;

5. Университеттегі білім сапасының деңгейін қамтамасыз ету жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілген;

6. ББ шеңберінде құрылымдық бөлімшелер қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауды көрсететін тұрақты есептілік жүйесі бар;

7. БББ шеңберінде жиналатын және талданатын ақпарат білім алушылардың контингенті, оқытудың түрлері мен түрлері бөлінісінде, ББ тиімділігінің негізгі көрсеткіштері, білім алушылардың үлгерімі мен жетістіктерінің деңгейі динамикасы ескеріледі;

8. Білім алушылармен, қызметкерлермен коммуникацияның болуы, түйткіл мәселелерді шешу тетіктерін әзірлеу көрсетіледі.

#### **ССК ұсыныстары:**

1. БББ деңгейін анықтауда білім алушыларды көбірек қатыстыру.

**«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты бойынша мықты – 8, қанағаттанарлық – 8.**

#### **6.3. «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты** **Дәлелдеу бөлімі**

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ жасауда оқытудың анық белгіленген күтілетін нәтижелерін қамтамасыз етеді, ББ қазақ әдебиеті кафедрасының сайтында орналастырылған. Барлық қызығушылық білдірген тұлғалар ББ игеру нәтижесінде таңдаған біліктіліктермен таныса алады (<http://ff.enu.kz/>). ББ іске асыру болашақ мамандардың негізгі құзіреттерін қалыптастыруға және еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. ББ білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, жеке білім беру траекториясын құру мүмкіндігін көздейді. ЖОО-да ББ әзірдеу және бекіту рәсімдері нақты айқындалған.

«8D02314 – Әдебиеттану» БББ мақсаты Қазақстан Республикасы Ұлттық біліктілік шектерінің 6 және 7 деңгейлері бойынша еңбек нарығы мен экономика, қоғам сұраныстары мен институтционалдық бағдарламалар негізінде қалыптасқан ([https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37482171#pos=0;272](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37482171#pos=0;272)).

Факультет кеңесінде қарастырылғаннан кейін кафедралар ББ білім беру бағдарламаларына сараптама жасау комитетіне тапсырады. Аталған комитет ректор бұйрығы бойынша факультеттер кеңесінде даярлау бағыттары бойынша жетекші ғалымдар, практик мамандар санынан құралады. Комиссия шешімі сараптама қорытындысы түрінде жасалады. Аталған бөлім білім беру бағдарламалардың ішкі техникалық тексеруден өткізеді, және оның нәтижесі бойынша ББ академиялық мәселелер жөніндегі департаменті директорымен ЕҰУ Ғылыми-әдістемелік кеңестің қарауына беріледі, ББ мақұлдағаннан кейін Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісіне бекіту үшін ұсынылады. ББ Университет ректорымен Ғылыми кеңес шешімі негізінде ҒӘК және білім беру бағдарламалары сараптамасы бойынша Комитет мақұлдағаннан кейін бекітіледі.

Оқу орынының материалдық-техникалық базасы заманауи білім беру талабына сай соңғы үлгідегі озық техникалық, технологиялық құралдармен қамтылған. «8D02314 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша білім беруде бағдарламасын іске асыру кезінде білім беру процесінің теориялық және практикалық құрамдастары арасындағы талап етілген арақатынасты үйлестіретін қажетті тұтастық қамтамасыз етілген.

ЖОО басшылығы тарапынан «8D02314 – Әдебиеттану» ББ үнемі талқыланып, еңбек нарығының сұранысына сай толықтырулар енгізіліп, жетілдіріліп отыруына ерекше мән береді. Шешім қабылдау үдерістеріне қатысу мүмкіндігіне білім алушылар, жұмыспен қамтушылар, оқу орны жанындағы ғылыми-зерттеу институттары («Қазақ әдебиеті» кафедрасының хаттамалары),

мұның барлығы «8D02314 – Әдебиеттану» ББ іске асырылуы мен ББ сапасын жақсартуды қамтамасыз етеді. Даярлайтын кафедралармен, жұмыспен қамтушылармен бірге ББ мазмұнының нарық талаптарына сәйкестігі үнемі талдау және бағалау іске асырылады.

Даярлайтын кафедралар шешімімен оларды даярлау бағыты бойынша жетекші ғалымдар, практик-мамандар, білімалушылар мен жұмыспен қамтушылар санынан ББ жасау бойынша арнайы бөлімше құрылған. Кафедра оқытушылары ББ жасау бойынша комитетке пәндер мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес модульдің оқыту нәтижелерін, көлемі мен ұзақтылығын көрсету арқылы модульдерді құру бойынша өз ұсыныстарын енгізеді. «8D02314 – Әдебиеттану» ББ құру барысында қазіргі еңбек нарығының талаптары, ғылым жетістіктері мен жұмыспен қамтушылар сұраныстары көрініс табатын элективті модульдерге үлкен назар аударылады. Аталған ұйымдастыру үдерістері мен ББ жасау бойынша шешім қабылдау үдерістері мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді.

ЖОО БББ мақсаттарына қол жеткізу және білім алушылардың кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру мақсатында басшылық пен арнайы бөлімшелердің білім алушылардың арнайы ғылыми жобалармен айналысуына жағдай жасауға мүдделі.

Біліктілік құзіреттіліктері:

Арнайы әдеби зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастырудың негіздерін қалыптастыру, көркем, ғылыми, сыни және басқа мәтіндерді, әлемдік әдеби үдерісті және әдебиеттердің өзара әрекетін талдаудың заманауи әдістері мен әдіснамаларын қолдана отырып, кешенді зерттеулер жүргізу қабілетінің болуы.

Әлемдік стандарттар деңгейінде әдебиеттің салалық пәндерін зерттеу және оқыту теориясын, әдістемесі мен әдістемесін ұйымдастыру дағдыларының болуы.

Әдебиеттану мен мәдениет саласындағы білімдерін қалыптастыру, олардың коммуникативті тәсіл арқылы өзара әрекеттесуі, логикасы және ғылыми жазудың адекватты стилін таңдау қабілетінің болуы.

Филология саласы бойынша жүйелі түсінікті көрсету, әдебиеттануда қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгеру. Маңызды зерттеу процесін ғылыми көзқараспен ойластыру, жобалау, енгізу және бейімделу. Ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға тұрарлық ғылыми өрістің шекараларын кеңейту үшін жеке зерттеулерге үлес қосу.

Жалпы кәсіби құзыреттіліктер:

Зерттеу жұмысын жазу дағдыларын игеру мүмкіндігі. Ғылыми жетекші мен шетелдік кеңесшінің тәжірибесін зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың жұмысын оқып, талдау. Көркем мәтін мен ғылыми шығармаларды талдау әдістемесін меңгеру.

Аудиториямен байланыс орнату тәсілдерін зерттеу.

Көркем мәтін мен ғылыми еңбектерді талдау әдістемесін игеру.

ЖОО білім бағдарламасын жүзеге асыру мен ББ берілген ақпаратты ПОҚ пен білім алушылар арасында түсінікті болу үшін кафедра, факультет, университеттің жауапты органдарының қатысуымен арнайы талқыланады. «8D02314 – Әдебиеттану» ББ күтілетін нәтижелер мен атқарылатын істер бойынша кафедра оқытушылары өз жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар атқаруда. ББ сай қосымша ұсыныстар мен алда атқарылатын іс-шаралардың бағдарламалары мен жоспарын кафедра, факультет көлемінде жауапты тұлғалар қадағалап, нәтижелері бойынша есептер алынып, сонымен қатар, ББ бойынша алынатын нәтижелермен білім алушылар таныстырылады.

ЕҰУ «Білім беру бағдарламаларын жасау және бекіту бойынша нұсқаулыққа» сәйкес іске асырылады. ББ мазмұнын жасау үшін басты құжаттар МЖБС, ТОЖ, түйінді және кәсіби құзыреттер базасы болып табылады. ББ қажетті ақпаратты жинап, талқылау барысында білім алушылар мен ПОҚ, қосымша қызметкерлердің пікірлері ескеріліп, жасалған ескертулері ББ жобасына енгізілген.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ кафедра мен факультет мәжілістерінде қарастырылып бекітіледі. ББ талқылау бойынша семинар-жиналыстарында академиялық сұрақтар бойынша департаменттің мамандары, жұмыспен қамтушылар, кафедра мен факультет өкілдері, білім алушылар қатысып, ББ жетілдіру, толықтыру жұмыстары бойынша жиналыстар өтіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

ББ мазмұны негізгі жұмыспен қамтушылармен келісілгеннен кейін ББ жасау бойынша ЖОО ПОҚ мен білім алушылар қажеттілігін қамтамасыз етуде КТО талаптары мен белгіленген ережелері бойынша модульдердің құрастыру технологиясы дұрыстығы талқыланды.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ мақсаттары университет міндетімен «зерттеулер жүргізуді және үздік білім алуды, өз әрекеті үшін мемлекет пен қоғам алдында жауапты, экономиканың басым бағытты саласын дамыту үшін кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін еуразиялық аймақтағы жетекші ғылыми және білім беру орталығы болу» келісіледі (<http://www.enu.kz/ru/o-enu/osnovopolagayushchie-dokumenty/>).

ББ әдебиеттану бойынша жоғары академиялық стандарттарға сәйкес іргелі білімдермен қамтамасыз етуді мақсатында, бәсекелестік білім беру, іргелі дайындықты қамтамасыз ету, білімалушыларды әдебиеттану теориясына негізделген негізгі курстар бойынша мәселелер талқыланды.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ әдебиеттану саласында біліктілігі жоғары мамандарды даярлауды және әдебиеттану бойынша әдіснамалық және зерттеу дайындығын қамтитын ғылыми-педагогикалық бағыттағы пәндерді терең зерделеуде ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынып, ПОҚ дербес деректерді өңдеуге өздерінің келісімін құжат жүзінде растаған.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ іске асыру мақсатында, білім алушыларға төмендегі қажетті ақпарат беріліп, жәрдемдесу көзделген:

– кәсіби құзыреттілікті кепілдік ететін іргелі және қолданбалы әдебиеттану зерттеулері саласындағы теориялық әдістемелік білімдерді түсіндіру;

– әдебиеттану зерттеулерінің дәстүрлі және инновациялық ғылыми әдістемелерді теория тұрғысынан негіздеу дағдыларын қалыптастыру;

– ғылыми білім негізінде әдебиеттану саласында жаңа инновациялық технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру;

– текстология саласындағы жаңа әдіснамалық көзқарастарды игеру, жалпы ғылыми білім әдіснамасын игеру, әдебиеттану ғылымы әдістері мен әдіснамасын, практикалық кәсіби әрекетте гуманитарлық ғылымдардың синтездейтін әдістерін қолдану;

рейтингтік журналдарда ғылыми мақалалар жазу және жариялау, зерттеу тақырыптары бойынша ғылыми талдау жүргізу, әдебиет зерттеулерін ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын дамыту үшін жаңа технологиялар тәсілдері мен құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру оң жолға қойылған. ББ оқытудың тұжырымдалған мақсаттарына сәйкес келетін модульдердің үйлесімділігінің тиісті құрылымына ие. Білім деңгейі әрбір пәндер блогында міндетті компоненттердің болуымен анықталады, ал оқу траекторияларын таңдау еркіндігі (оқытудың кредиттік технологиясының негізі болып табылатын) оқу пәндерін таңдау мүмкіндігіне негізделген.

– Нақты кәсіптік қызметтің шарттарын ескеретін жұмыс оқу жоспарлары, оқу үдерісінің кезеңдері екі цикл бойынша пәндердің толық тізбесін қамтиды: міндетті пәндер, таңдау пәндері.

#### *Аналитикалық бөлім*

ББ сапасын бағалау оқу жоспарларын талдау, элективті пәндер каталогы, ПОӘК, доктранттармен кездесу, ПОҚ, ғылыми кітапхана, практика орталығы негізінде жүргізілді. Ұсынылған құжаттарды талдау, ПОҚ мен жұмыс берушілерден, сондай-ақ білім алушылардан сұрау нәтижелері ББ жобалауға мүдделі тұлғалар тартылатынын бекітуге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламалары шеңберінде оқу пәндерінің мазмұны жалпыеңбек нарығындағы жағдайды, жұмыс берушілердің талаптарын және тұтынушылардың сұраныстарын ескереді.

ББ түлектерінің кең ауқымды құзыретін қалыптастырудағы оқу деңгейлерінің өзара байланысы байқалады.

Қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың логикалық аяқталуы болып табылады. Докторантура деңгейінде бітіруші жұмыстар тізімін ғылым мен білім беруді дамытуда жаңа басымдықтардың пайда болуына, технологияларды, оқытудың жаңа әдістерін жетілдіруге, ғылымдағы іргелі зерттеулерді дамытуға байланысты жыл сайын ғылыми жетекшілер мен шығарушы кафедралар қайта қарайды. Білім беру бағдарламаларын іске асыру

кезінде білім беру процесінің теориялық және практикалық құрамдастары арасындағы талап етілетін арақатынасты үйлестіретін қажетті тұтастық қамтамасыз етіледі. Модульдердің, практика мен бітіру жұмыстарының барлық түрлерінің мазмұны ББ мақсаттарына қол жеткізуге және білім алушылардың кәсіби және жалпы мәдени құзыреттіліктерін алуға бағытталғанын атап өту қажет. Жұмысқа орналастыру және практика бөлімі практикадан өту мониторингін жүзеге асырады және кафедра барлық қажетті ақпаратты бергеннен кейін оның ұйымдастырылу сапасын бақылайды. Практиканың барлық түрлерін ұйымдастыру ұйымдармен және кәсіпорындармен ынтымақтастық туралы жасалған шарттар (екі жақты, үш жақты) негізінде жүзеге асырылған. Практиканы өткізу үшін практика бағдарламасы әзірленеді, ол кәсіби практикаларды өткізу жоспары мен кестесін құрылған. Барлық оқу деңгейлері бойынша кафедраларда өткен және ағымдағы оқу жылдарына барлық қажетті құжаттар бар: практиканың барлық түрлерінің бағдарламалары; практиканың барлық түрлері бойынша жоспарлар; практикадан өту кестесі; практика базаларының тізімі; ректордың практикадан өту туралы бұйрықтары; кафедра мүшелерінің құрамы туралы өкімдері; анықтау және қорытынды конференциялардың хаттамалары; практиканың барлық түрлері бойынша практиканттардың күнделіктері; білім алушылар мен практика басшыларының есептері; кәсіпорындармен ұсынылған білім алушылардың сипаттамалары талапқа сай рәсімделген.

### ***Мықты жақтары***

1. Арнайы ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік берілген, ғылыми зерттеу дағдысы мен инновациялық технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру дұрыс жолға қойылған;
2. ПОҚ мен білім алушылардың ғылым зерттеу еңбектерінде интеграциялық әдіс көрініс тапқан;
3. Әлемдік ББ деңгейіне ұмтылу жолындағы іс-әрекеттер мен тәжірибелер бар;
4. ЖОО-да ББ әзірлеу және бекіту, құжаттандыру рәсімдері дұрыс жолға қойылған; -теориялық пәндер мен кәсіби практикалардың өзара байланысы;
5. Аккредиттелетін ББ бойынша білім беру процесіне ғылыми зерттеулер нәтижелеріненгізу;
6. Әлемдік стандарттар деңгейінде әдебиеттің салалық пәндерін зерттеу және оқыту теориясын, әдістемесі мен әдістемесін ұйымдастыру дағдыларының нақты болуы;
7. Авторлық курстар әзірленген;
8. Оқу орынының материалдық-техникалық базасы заманауи білім беру талабына сай соңғы үлгідегі озық техникалық, технологиялық құралдармен қамтылған.

### ***ССК ұсыныстары:***

1. Білім беру бағдарламасын жыл сайын заман талабына сай жетілдіріп отыру.

«Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша мықты – 8, қанағаттанарлық – 4.

### ***6.4. «Білім беру бағдарламаларына тұрақты мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты***

#### ***Дәлелдеу бөлігі***

8D02314 – «Әдебиеттану» БББ мониторингілеу және мерзімді бағалау ББ мақсаттарына қол жеткізуге, жоспарланған оқыту нәтижелерін толық қалыптастыруға бағытталған. ЖОО басшылығы мониторинг жүргізу және мерзімді бағалау форматына қойылатын өз талаптарын айқындаған. Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін анықтайды және қанағаттандырады.

Білім беру бағдарламаларын мониторингілеу және мерзімді бағалау рәсімдерін талдау: оқу жоспарлары, элективті (таңдау) пәндер каталогы, білім алушылар бағдарламаларының жеке жоспарлары кафедраның мәжілісінде талқыланып бекітілген (№9, 14.04.2020 ж.). 8D02314 – «Әдебиеттану» БББ Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілген (№7, 17.04.2020 ж.). Білім алушылардың мониторингі мен бағалауын регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттар:

білім алушылардың оқу үлгерімі әр жыл сайын қорытындаланып, алқалы органдар және кафедра отырыстарында қаралып, хаттамалары бар. Білім алушыларды, ПОҚ-ты және мүдделі тараптарды сұхбаттастыру және сауалнама жүргізу; қолдау қызметтерінің жұмысын бақылау нәтижелері негізінде жүзеге асырылған. Білім алушылар топтарының қажеттіліктерін анықтау мақсатында Платонус жүйесінде жүйелі түрде сауалнама жүргізіліп отырады ([http://www.enu.kz/ru/o-enu/structura/departament-bolonskogo-protssessa/opros\\_pps.php](http://www.enu.kz/ru/o-enu/structura/departament-bolonskogo-protssessa/opros_pps.php)).

Сауалнамаға әр білім алушы өзінің жеке логині мен құпия сөзін қолданып қатысады.

Әрбір білім беру бағдарламасы үшін негізгі құзыреттер кәсіби стандарттар (НПП Атамекен <http://atameken.kz/ru/services/16-professional-nye-standarty> сайтында) негізінде еңбек нарығының талаптарын, жұмыс берушілердің үміттерін, білім алушылардың мүдделері мен қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып жасалады.

БББ 4 адамнан тұратын «8D02314 – Әдебиеттану» БББ білім беру бағдарламасының академиялық комитетімен әзірленді. БББ Білім беру бағдарламаларын дайындау және сараптау бойынша академиялық кеңестің отырысында қарастырылып, Университеттің ғылыми кеңесінің отырысында бекітіледі. Бекітілген БББ университет сайтына салынады және ЖББОС (ЕСУВО) сайтына жүктеліп, сыртқы сарапшылар пікір береді.

Түлектері ЖБ жұмыспен қамту туралы ақпарат Университеттің ресми сайтында (<https://www.enu.kz/ru>) орналастырылған.

ЖОО БББ мақсатына қол жеткізу үшін білім беру бағдарламасының мониторингін жүргізудің және мерзімді бағалаудың құжатталған рәсімін қадағалайды. Осы рәсімдердің нәтижелері білім беру бағдарламасын үнемі жетілдіруге бағытталған.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары болашақ мамандарды дайындаудың міндетті элементі болып табылады. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру үшін түрлі формалар пайдаланылады. ДҒЗЖ негізгі формасы диссертация жұмысындағы ғылыми-зерттеудің элементтері, оқу, педагогикалық тәжірибе кезінде ғылыми-зерттеуді орындау болып табылады.

Білім алушылардың семинарлар, тәжірибелік сабақтар, оқытушылардың жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыстары, өзін-өзі дайындау, емтихандар шеңберіндегі және тәжірибеден өту жетістіктерін бағалауды қарастыратын оқу үлгерім мониторингі рейтингтік жүйе арқылы жүзеге асырылады (1-кесте);

### 1-кесте Білім алушылардың оқу үлгерімі мониторингі

Мамандық	2017-2018 оқу жылы		2018-2019 оқу жылы		2019-2020 оқу жылы	
	Үлг.	сапа	үлгі.	сапа	үлгі.	сапа
8D02314 – «Әдебиеттану» БББ	100	100	100	100	100	100

Білім алушылардың білімін бағалау, компьютерлік тестілеу, емтихандарды қабылдау, докторанттардың білімін бақылау және электронды журналдың оқытушымен толтырылуын қамтамасыз ететін Платонус оқыту бағдарламасы <https://edu.enu.kz/> жұмыс жасайды.

«8D02314 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының мазмұны базалық және бейіндік пәндер циклын зерделеуді қамтитын теориялық оқудан және докторанттардың практикалық даярлауынан: педагогикалық, зерттеу практика, ғылыми машықтанудан; докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегенде ғылыми зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысынан; аралық және қорытынды аттестаттаудан тұрады.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ ерекшелігі мен бірегейлігі:

- ББ ұлттық және шетел әдебиеттану саласында жүйелі білімі мен құзыретіне ие білікті кадрларды даярлауға бағытталуы;

- базалық және бейіндік, оның ішінде бір-бірімен байланысты пәндерді интеграциялау оқытуды ұйымдастыру ерекшелігін еңбек нарығы талаптарына сәйкес есепке алуға мүмкіндік береді;

- жұмыспен қамтушылар талаптарын қанағаттандыратын білім алушылардың өз оқыту траекториясын құрастыруға мүмкіндік беретін ББ болашаққа нақты бағдарлануы;

- ББ қалыптастыруға жұмыспен қамтушыларды тарту мен қатыстыру және қазіргі еңбек нарығы мен білім беру жүйесінің дамыту үрдістері талаптарын есепке алу арқылы мазмұны құрылымын жетілдіру және жаңарту;

- ББ құзыреттілік көзқарас негізінде жетілдіру және оқу үдерісіне қазіргі білі беру технологиялары мен әдістерін енгізу;

- ББ, өз бетімен білім алуға және өз бетімен білім деңгейін жетілдіруге бағдарланған, кәсіби өсу, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлық үшін ашық түлектердің практикалық іс-әрекетінде білім, инновациялық әдістемелер мен технологияларды практикалық қолдануға бағдарлануы.

Элективті курстар каталогы жұмыс берушілердің талаптарын, пәндердің өзектілігін, ғылым мен білім саласындағы заманауи жетістіктерді ескере отырып құрастырылады.

Докторанттардың меңгерген білім деңгейлерін бақылаудың барлық түрлерін тіркеуші офисі және кафедра ұйымдастырады. Оқыту сапасы, өткізілген сабақтың сапасы бойынша білім алушылардың шағымы деканмен, Тіркеу Офисімен қарастырылады. Жауапқа қанағаттанбаған жағдайда проректормен, университет ректорымен қарастырылады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары болашақ мамандарды дайындаудың міндетті элементі болып табылады. Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру үшін түрлі формалар пайдаланылады. ДҒЗЖ негізгі формасы диссертация жұмысындағы ғылыми-зерттеудің элементтері, педагогикалық және зерттеу тәжірибе кезінде ғылыми-зерттеуді орындау табылады.

Барлық мүдделі тұлғалар БББ қатысты кез-келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы хабардар етіліп, БББ-ға енгізілген барлық өзгерістер жарияланған.

«8D02314 – Әдебиеттану» БББ миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін бекіту, түзету рәсімі ашық, талқылауға білім алушылар, стейкхолдерлер, ПОҚ және барлық мүдделі тұлғалар жұмылдырылады. «8D02314 – Әдебиеттану» БББ барлық бағыттар бойынша БББ іске асырылуы туралы ақпарат жүйелі түрде жинақталып, талданып, "нәтижелілік", "тиімділік" сияқты көрсеткіштер арқылы өзін-өзі бағалау жүргізілген.

Мүдделі тұлғалар - ұйымның қызметіне немесе өздеріне ықпал ете алатын кез-келген адамдар немесе тараптар (акционерлер, менеджерлер, компания қызметкерлері, банктер, сатып алушылар мен іскери серіктестер, мемлекеттік органдар, бизнес-талдаушылардың өздері, сарапшылар тақырыптық аймақ, қауымдастық топтары және жергілікті халық, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.).

Университеттердің қызметі туралы ақпарат ізденушілер, білім алушылар, бітірушілер, басқа да мүдделі тараптар мен көпшілік үшін де пайдалы.

БББ қатысты жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы ақпарат мүдделі тұлғаларға университеттің ресми сайтында <https://www.enu.kz/> жарияланған.

Білім алушыларға арналған білім порталы бар. Порталға кіру үшін авторлықты дәлелдеу керек. Портал пәндердің электрондық оқу материалдарына, оқу жоспары мен жеке жоспарларға, сабақ кестесі мен емтихан кестелеріне, эдвайзерлер мен жұмыс берушілер жайлы ақпаратқа білім алушылар мен оқытушылардың қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Оқу және тәрбие процесінің мазмұнын және ұйымдастыруын айқындайтын нормативті оқу-әдістемелік құжаттар әзірленген.

Оқу кезінде денсаулыққа байланысты қажетті уақытша үзіліс академиялық демалыс түрінде рәсімделеді.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әрбір БББ үшін білім беру үдерісін тиісті және қол жетімді ресурстармен қамтамасыз етеді. Университетте білім алушылардың зертханалық, тәртіптік және пәнаралық оқудың, жұмыс оқу жоспарында қарастырылған және қолданыстағы санитарлық және өрт қауіпсіздігі ережелері мен ережелеріне сәйкес келетін практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін қамтамасыз ететін материалдық-техникалық база бар.

Университетте білім алушылар мен оқытушылар арасындағы еркін қарым-қатынаспен қатар, оларға оқу үдерісіне қажетті барлық ресурстарға: ақпаратқа еркін қол жетімділікті ұсынады.

ББ білім алушылары оқу үдерісінде, ғылыми-зерттеу бағытында ізденіс нәтижесін көрсете

алады. Университет тарапынан ондай білім алушыларға қолдау жасалады. Мәселен, білім алушылар зерттеу жұмыстарының нәтижесін халықаралық, республикалық конференцияларды, симпозиумдарда, ғылыми басылымдарда жариялай алады. Докторанттар отандық ғылыми басылымдарда, шетелдік, рейтингтік журналдарда ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысын жариялап отырады.

Білім алушылардың оқыту белсенділігін арттыру мақсатында тұрақты жұмыс атқаратын ғылыми-әдістемелік семинарлар үздіксіз өтіп тұрады. Білім алушыларды жатақханаға орналастыру, жеткілікті кітап қорымен қамтамасыз ету сынды жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Сондай-ақ академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүргізу жүйелі түрде жолға қойылған. Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламалармен Халықаралық ынтымақтастық департаменті, академиялық мәселелер бойынша департамент және жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім департаменті айналысады.

Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша оқыту үрдісі П ЕҰУ 04-15 білім алушылар, ОПК және Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ АУП сыртқы академиялық ұтқырлық туралы ережелері негізінде іске асырылады. «8D02314 – Әдебиеттану» БББ мамандығының оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес 2017-2021 жылдар аралығында диссертация тақырыптарына сәйкес ғылыми зерттеулерді қолдау бағдарламасы бойынша (докторанттарға арналған бағдарлама) докторанттар Гази университетінде, Эгей университетінде, Памуккале университетінде (Түркия); Масарика университетінде (Чехия, Брно); Қазан (Приволжский) федералды университетінде (Ресей) үш айлық ғылыми тағылымдамадан өтті. Докторанттардың ғылыми машықтанулары туралы толық ақпарат «Білім алушылар» стандартында келтірілген.

#### *Аналитикалық бөлім*

Бітіртуші кафедраға бару және құжаттарды зерттеу нәтижесінде ССК мүшелері университетте тұрақты мониторинг және БЖ мерзімді бағалау жүргізілетінін растады.

Үлгерімді талдау сонымен қатар білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділік деңгейін береді, сонымен қатар кафедра білім алушыларды бағалау формаларының пәнді оқыту нәтижелеріне сәйкестігін талдайды. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін жұмыс топтарына сабақтас мамандықтардың оқытушылары, білім алушылар, жұмыс берушілер қатысады. Оны өткізуге білім беру бағдарламасының академиялық комитетінің төрағалары жауапты болады.

Қазақ тіл білімі және әдебиеттану, әлеуметтік-гуманитарлық және ақпараттық-технологиялық салалардағы соңғы ғылыми жетістіктерді ескере отырып, білім берудің барлық деңгейлеріне арналған білім беру бағдарламасын әзірлейді.

БББ-ның мақсаттары мен міндеттері жұмыс берушілердің сұранысына ие, теориялық білімдерімен қатар практикалық кәсіптік дағдыларды меңгерген, өзінің мамандығы бойынша өз деңгейінде жұмыс істеуге қабілетті, қазіргі заманғы маманға, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман даярлауға негізделген әртүрлі секторлар мен жүйелерді даярлауда жаңа тәсілді қалыптастыруға бағытталған.

Тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың сапалы жоғары кәсіптік білім алуда қанағаттанушылық деңгейін арттыру үшін, 8D02314 – «Әдебиеттану» БББ стейкхолдерлер мен басқа да мүдделі тұлғалардың пікірін ескере отырып, білім беру бағдарламасының мазмұнын қайта қарап жаңартады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары болашақ мамандарды дайындаудың міндетті элементі болып табылады. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру үшін түрлі формалар пайдаланылады. ДҒЗЖ негізгі формасы диссертация жұмысындағы ғылыми-зерттеудің элементтері, оқу, педагогикалық тәжірибе кезінде ғылыми-зерттеуді орындау болып табылады.

Серіктестік қарым-қатынас форматындағы стейкхолдерлермен өзара іс-әрекет келесі жұмыстарда жүзеге асырылады: практика өткізу үшін базаларды ұсыну; диссертация жұмысын басқаруға тарту; университет ұйымдастырған конференцияларға қатысу; жұмыс берушілердің сауалнамаға қатысуы. БББ жобалау және әзірлеу жүйелік іс-әрекет тәсілін ескере отырып жүргізіледі. БББ жобалау кезінде, 8D02314 – «Әдебиеттану» БББ бағытталған еңбек нарығын, стейкхолдерлердің өтінімдерін және болашақ түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін талдайды. Сондай-ақ, БББ жұмыс берушілер мен университет түлектерін міндетті жалпы мәдени,

кәсіби және қосымша құзыреттердің құрамын анықтау мақсатында мониторинг жүргізеді. Еңбек нарығының талаптары ескеріліп «8D02314 – Әдебиеттану» БББ талқыланады, соның нәтижесінде ұсыныстар мен тілектерді ескере отырып жаңа элективті курстар әзірленеді. (<https://ff.enu.kz/subpage/kafedra-kazahskoj-literatury>). ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етеді. БББ-ны қайта қарау тәртібі мамандықтың мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Университетте БББ сапасын әзірлеу және бағалау процедурасы құжатталған, БББ сапасын бағалаудың жиілігі, формалары мен әдістері БББ дамыту жоспарларында белгіленген. БББ мониторингі, бағалау және өзектендіру рәсімдеріне ішкі және сыртқы стейкхолдерлер тартылады. Ұйымдар барлық стейкхолдерлерді осы рәсімдерге қатысты алдағы немесе жүргізілген іс-қимылдар туралы уақтылы хабардар етіледі. Талдау барысында ББ Стандартқа сәйкестігі көрініс табады. ББ мониторингі және оларды мерзімді бағалау, БББ-ны іске асырудың қол жеткізілген нәтижелерінің сыртқы бағасы, білім алушылардың оқу жүктемесінің, үлгерімінің және бітіруінің мониторингінде өсу байқалады.

### **Мықты жақтары**

1. Докторанттардың меңгерген білім деңгейлерін бақылау жолға қойылған;
2. Білім алушылар үшін Платонус оқыту бағдарламасы қолданылады, бағдарламадан білім алушылар өз оқу жетістіктері бойынша толық ақпарат алады және оқу үдерісі бойынша қажетті ақпаратпен қамтамасыз етілген;
3. Сондай-ақ оқытушымен кері байланыс орнатуға мүмкіндігі бар;
4. БББ миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін бекіту, түзету рәсімі ашық, БББ талқылауға білім алушылар, стейкхолдерлер, ПОҚ және барлық мүдделі тұлғалардың жұмылдырылатындығы анықталды;
5. Докторанттардың ғылыми машықтанулары халықаралық және отандық ақпараттармен толық қамтамасыз етілген.

### **ССК ұсыныстары:**

1. БББ білім алушыларының академиялық ұтқырлық мәселесін жетілдіру.

«Білім беру бағдарламаларына тұрақты мониторинг және мерзімді бағалау» стандарты бойынша мықты – 10 , қанағаттанарлық – 10.

## **6.5 «Білім алушыларға орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімді бағалау» стандарты**

### **Дәлелдеу бөлімі**

ЕҰУ-де білім алушы білім беру бағдарламаларын іске асыруда басты тұлға болып табылады, сондықтан оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету кезінде оның мүдделері, тілектері, ұсыныстары ескеріледі.

ББ мазмұнын жүзеге асыру мақсатында кафедралар оқу жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

БББ басшылығы «8D02314 – Әдебиеттану» білім алушыларына оңтайлы білім мен дағдыларды жинақтап, икемді оқу траекторияларын жасап, қажеттіліктерін барынша жүзеге асырып отырған. Білім алушылар үш жылдық оқу мерзімі бойынша білім алады. Кредиттік технология ережелеріне сәйкес білім алушыларға «8D02314 – Әдебиеттану» БББ бойынша элективті пәндерді таңдауға мүмкіндік беріледі. ББ негізінен мамандыққа сәйкес жасалады. Білім алушылар топтарының қажеттіліктерін анықтау мақсатында үнемі сауалнама және әлеуметтік сауалнама жүргізіледі ([http://www.enu.kz/ru/o-enu/structura/departament-bolonskogo-protssessa/opros\\_pps.php](http://www.enu.kz/ru/o-enu/structura/departament-bolonskogo-protssessa/opros_pps.php)).

ОПҚ құрамы білім алушылардың үлгерімін, оқу және оның нәтижесіне сай дағдылар мен талаптарды орнықтырып, олардың кәсіби құзіреттілігіне сәйкестігін анықтайтын біліктіліктің қалыптасуына ықпал етеді. Университетке түсушілер үшін бейімделу аптасы өтеді. Мұнда



университеттің ішкі ережелері, кредиттік технология жүйесі, оқытудың рейтингтік-балдық көрсеткіші, университеттің құрылымдық бөлімше қызметтері таныстырылады. БББ жүзеге асыруда профессор-оқытушылық құрам оңтайлы әдіс-тәсілдерді қолданады. Соның ішінде академиялық дәрістерден басқа, шолу дәрісі, ғылыми бағыттағы семинар, дөңгелек стол, дискуссия түріндегі сабақ түрлерін қолданады. Бұл әдістерді қолдану оқытылатын пәндердің ерекшелігінен туындайды, Мәселен, «Академиялық жазба», «Ғылыми зерттеу әдістері» пәндерінде білім алушылар үшін әдебиеттанудың өзекті мәселелері, бүгінгі күн тұрғысындағы заманауи әдіснамалар қозғалатын болғандықтан, білім алушылармен бірлескен пікіралысу, жаңа зерттеу еңбектерінің зерттеушілік бағытына қатысты проблемалық тұрғыдағы сұрақтар шешіледі. Осы ретте, білім алушылардың іргелі ғылыми зерттеу еңбектерімен танысуы, ғылыми мақалалар жазуы да назарға алынады. Оқу үдерісінде қолданылатын инновациялық әдіс-тәсілдердің нәтижелілігі білім алушылардың үлгерім көрсеткіштері арқылы көрінеді.

Докторанттармен элективті пәндерді таңдау бойынша алдын ала жүргізілетін түсіндіру жұмысын кафедра эдвайзерлері іске асырады. Кредиттік технология ережелеріне сәйкес білім алушыларға «6D021400 – Әдебиеттану» БББ бойынша элективті пәндерді таңдауға мүмкіндік беріледі. Элективті пәндер оқылатын саланың өзекті мәселелерін қамтиды әрі еңбек нарығы сұранысын, жұмыс берушілердің талабын ескереді. Бұл эдвайзерлердің жоспарында көрініс тапқан. Мысалы, 2020-2021 оқу жылында

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ бойынша төмендегідей элективті пәндер енгізілді:

1. Сөз өнерін кешенді талдаудың филологиялық негіздері (5 кредит)
2. Академиялық жазба (5 кредит)
3. Ғылыми зерттеу әдістері (5 кредит)
4. Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар (5 кредит)
5. Көркем туындыдағы авторлық ұстаным (5 кредит)
6. Әлемдік әдебиеттану ғылымы контексіндегі отандық әдебиеттану (5 кредит)
7. Структуралық әдебиеттану және мәтін талдау (6 кредит)

БББ әрбір білім алушылардың платонус жүйесінде көрініс береді. Бақылауды жүргізу ережелері мен саясаты және бағалау өлшемдері ББ-да ұсынылған және АИС «Platonus» білім алушылардың жеке кабинетінде қолжетімді. Оқыту нәтижелерін бағалау үрдісі айқын, объективті және білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгей арақатынасы, тиісінше, 60% және 40% құрайтын рұқсат беру рейтингі бағасы мен қорытынды бақылау бағасынан тұратын бағамен анықталатын И ЕҰУ 48-14 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау туралы ережесінде көрініс табады. ЕНУ <https://doc.enu.kz/>.

БББ бойынша пәнді жүргізу әдістемесі орныққан. Әрбір ОПҚ өздерінің оқу-әдістемелік кешенінде пәнді жүргізу жоспарын, әдістемелік нұсқаулықтарды көрсетіп отырады. БББ даму жоспарына мониторинг жүргізіп, ағымдық бақылау үшін жұмыс топтары құрылады. ББ үнемі жетілдіріліп, жаңарып отырған. ОПҚ жүргізілетін пәндерге сәйкес әдістемелік әзірлемелермен қатар, оқу құралдарын, тест сұрақтары жинағын дайындайды. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары да ғылым мен білім берудегі басымдықтарды дамытуға, оқытудың жаңа технологияларын жетілдіруге, ғылымдағы іргелі зерттеу салаларын дамытуға қатысты проблемаларды қамтиды. Осыған сәйкес жыл сайын кафедралар ғылыми-зерттеу тақырыптарын қайта қарап, сараптап отырады.

ЖОО ББ-ның оқыту мақсаты мен нәтижесіне бағытталған бағалау шарасының сәйкестігін қамтамасыз етеді. ЕҰУ-дің академиялық саясатының 5.4 тармақшасына сәйкес (<https://www.enu.kz/ru/o-enu/osnovopolagayushchie-dokumenty/akademicheskaya-politika-evraziyskogo-natsionalnogo-universiteta-im-l-n-gumileva-rus-.php>).

Білім алушылардың үлгерім деңгейін анықтау тәртібі:

- білім нәтижесі білім беру бағдарламасының мақсаттарымен сәйкеседі;
- соның ішінде бағдарланған (құзыреттіліктің қалыптасуы, ағымдық, аралық және қорытынды аттестация) формаларды қамтиды;
- университетте қабылданған негізгі шарттарды (емтихан формалары – тестілеу, ауызша, жазбаша, аралас) басшылыққа алады;

- ОПК құрамы білім алушылардың үлгерімін, оқу және оның нәтижесіне сай дағдылар мен талаптарды орнықтырып, олардың кәсіби құзіреттілігіне сәйкестігін анықтайтын біліктіліктің қалыптасуына ықпал етеді;

- Апелляциялық комиссия жұмысының нәтижесін (білім алушылардың бағалау нәтижесіне келіспеу өтінішінің түсуіне орай) басшылыққа алады;

- Емтихан талаптарына қатысты кездесетін жағдаяттарды назарға алады;
- Білім алушылардың сабаққа қатыспау себептерін (сырқаттану немесе басқа да себепті жағдайлар) есепке алады;

- Университетте қабылданған бағалау шарттары талаптарының сақталуына кепілдік береді;

- Барлық жағдайлар бойынша әкімшілік қадағалаудың сақталатынына кепіл болады.

Білім алушылардың үлгерім жетістігі «Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің білім алушылардың үлгерім жетістігін бақылау Ережесі» аясында реттеледі.

Білім алушылардың оқу нәтижесін бағалау балдық-рейтингтік (әріптік) жүйедегі бағалау шкаласы бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістігі (білім, дағды және құзіреттілік) халықаралық практикада орныққан әріптік-сандық 100 балдық өлшеммен («А» - «D», «қанағаттанарлықсыз» – «FX», «F», 0-4) бағаланады.

Білім алушылардың орташа рұқсат алу рейтингісі 50 балл. Білім алушы емтиханға 50-балдан кем емес нәтижеге ие болғанда жіберіледі. Пән бойынша қорытынды баға аралық және қорытынды бақылау (емтихан) бағаларын біріктіреді. Жіберу рейтингісінің үлесі білім беру бағдарламаларын игерудің 60 пайызын құрау керек. Қорытынды бақылау үлесі оқу пәні бойынша 40 пайызды құрауы тиіс. Олардың нәтижесі егер емтихан бағасы 50 балдан төмен болған жағдайда есепке алынады.

Қорытынды баға мынадай формуламен есептеледі:

$IO = P_{cp} * 0,6 + ЭО * 0,4$ ,  $P_{cp} = (P1 + P2) / 2$ ,  $P1(P2) = (TK + PK) / 2$

P1 – бірінші рейтингі қорытындысы;

P2 – екінші рейтингі қорытындысы;

ЕБ – емтихан бағасы;

Pop – орташа рейтинг (жіберу рейтингісі);

АБ – аралық бақылау нәтижесі;

АҒБ – ағымдағы бақылау нәтижесі

Білім алушылардың шешім қабылдау үдерістеріне қатысу мүмкіндіктері бар, мұның бәрі ББ іске асырылу сапасын қамтамасыз етеді.

Докторант жоо білім алушылардың білімдерін бағалау критерийлерімен, GPA есептеу әдістемесімен, емтихан өткізу, апелляцияға беру, электрондық кітапханада жұмыс жасау ережелерімен таныса алады. (Кафедрада емтихан билеттері, тест тапсырмалары, жауаптары, бекіту хаттамасы бар).

Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың тетіктерін үнемі жетілдіріп отырады. Барлық оқытушылар өздерінің педагогикалық біліктіліктерін университет базасында оқу жылы бойы ұйымдастырылатын курстар мен әдістемелік вебинарларға қатысу арқылы жетілдіреді. Әрі өздері жүргізетін пәндерге сәйкес қазіргі заманауи әдістемені жетілдіру үшін курстардан өтіп отырады. «8D02314 – Әдебиеттану» БББ оқытушыларының барлығы «Қашықтықтан оқыту жағдайындағы қазіргі оқытушылардың цифрлық дағдылары» біліктілікті жоғарылату курсынан өткен (2020) <https://ff.enu.kz/subpage/dostizheniya-kaf-rf>. Сол сияқты университет сайтында виртуалды әдістемелік кабинет жұмыс жасайды. Мұнда ОПК-ның кәсіби шеберлігін дамытуға, жас мамандарға тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беріледі (ENU.KZ). Әдістемелік шараларда бүгінгі педагогикалық инновациялар, жоғары білім берудегі цифрландыру, кәсіби біліктілік, шеберлік мәселелері қарастырылады. «Виртуалды әдістемелік кабинет» - бұл көп аспектілі ақпараттық-білім ортасы, университет ОПК құрамының шығармашылық, әдістемелік, кәсіби әлеуетін көтеретін орын болып табылатындығын көре алдық. Сілтеме: [ENU.KZ](https://ff.enu.kz) | [Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті](#).

Факультетте жас оқытушылар үшін кәсіби шеберлік мектебі құрылған. Бұл мектеп жас мамандарды кәсіби тәжірибе жинақтауға, білім жүйесіндегі инновациялық бағыттармен жұмыс

жасауға бағыттайды. Жыл сайын Кәсіби шеберлік мектебінің жоспары бекітіледі. Соған сәйкес курстар мен вебинарлар өтіп отырады. Мектептің жұмысын университеттің әдістеме бөлімі бақылайды.

Білім беру үдерісін модельдеудің технологиялық әдісі, технологиялық басқару, ақпараттық және әлеуметтік-психологиялық компоненттердің жиынтығы арқылы көрсетуге мүмкіндік береді. Білім алушылардың оқыту технологиясына сапасына қатысты көзқарастары мен пікірлері сауалнама арқылы анықталып отырады. Сапаны қамтамасыз ету саясаты бойынша тиісті шаралар қабылданған. Бұл университеттің негізгі құжаттарында көрініс тапқан. <https://www.enu.kz/downloads/materials/politika-v-oblasti-kachestva-ru>. Соның ішінде дискуссиялық, ғылыми ақпараттық, дөңгелек стол түріндегі дәрістер, ашық сабақ хаттамалары, кафедра мәжілісі хаттамаларында көрініс тапқан.

Білім алушылар өз бетімен:

- онлайн режимінде оқу жылына пәндер мен оқытушыларды таңдай алады;
- жеке оқу жоспарын қарастыра және көшіре алады;
- ПОӘК-ті қарастыра және көшіре алады
- Электронды журналда ағымдық, рейтингтік және қорытынды бағаларын бақылай алады;
- компьютерліктестілеу әдісі арқылы тапсырылатын пәндер бойынша апелляцияға беруге мүмкіндігі бар;
- транскрипті қарастыра және көшіре алады;
- өзгеріс бойынша және тағы басқа бұйрықтар көшірмесімен таныса алады.

БББ білім алушылары үшін кері байланыс жұмысы, университетте ректор, декан блогы жұмыс жасайды, ректор, проректор, декан мен кафедра меңгерушілерінің қабылдау сағаттары, виртуалды қабылдау белгіленген. Әрбір білім алушы оқу ғимараттарындағы жәшіктерге оқу үдерісіне, оның сапасына қатысты өздерінің пікірлерін, ұсыныстарын ашық білдіре алады. Сол сияқты ректор блогы (<http://www.enu.kz/ru/blog-rektora>), әлеуметтік желі парақшалары (В контакте, Facebook) жұмыс жасайды. Сол сияқты кері байланыс оқу үдерісіне, әдістемесіне, оның тиімділігі мен өзектілігіне қатысты да ой бөлісуге құрылған. Әрбір мониторинг үшін белгілі бір талаптар мен шарттар орныққан. Әлеуметтік сауалнамалар білім алушылардың ББ-ға қанағаттануы, білім беру сапасы, университеттің материалдық-техникалық базасы туралы жүргізіледі. Бұл БББ әзірлеген кезде назарға алынған.

### *Аналитикалық бөлім*

Кафедралар білім алушылар үшін оқыту сапасын жетілдіріп, оның жаңаша ұстанымдарын бағдар етеді. БББ бойынша білім алушылардың оқу жүктемесі теория мен практика арасында сәйкес бөлінуін қадағалу, білім беру траекториялары нарықтық қажеттілікке, білім алушылардың контингентіне орай түзетіліп, толықтырылған. БББ жүзеге асыруда ОПҚ оңтайлы әдіс-тәсілдерді, атап айтқанда, академиялық дәрістерден басқа, шолу дәрісі, ғылыми бағыттағы семинар, дөңгелек стол, дискуссия түріндегі дәрістер өтеді. Мәселен, «Академиялық жазба», «Ғылыми зерттеу әдістері» пәндерінде білім алушылар үшін әдебиеттанудың өзекті мәселелері, бүгінгі күн тұрғысындағы заманауи әдіснамалар қозғалатын болғандықтан, білім алушылармен бірлескен пікіралысу, жаңа зерттеу еңбектерінің зерттеушілік бағытына қатысты проблемалық тұрғыдағы сұрақтар шешіледі.

Кредиттік технология ережелеріне сәйкес білім алушыларға «8D02314 – Әдебиеттану» БББ бойынша элективті пәндерді таңдауға мүмкіндік берілген. ОПҚ құрамы білім алушылардың үлгерімін, оқу және оның нәтижесіне сай дағдылар мен талаптарды орнықтырып, олардың кәсіби құзіреттілігіне сәйкестігін анықтайтын біліктіліктің қалыптасуына ықпал етеді. Осы негізде білім алушылардың оқу үдерісін, ғылыми-зерттеу бағытындағы жұмыспен айналысуын тиімді етіп, академиялық ұтқырлықты оңтайлы ұйымдастыру басты назарға алынған. Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың тетіктерін үнемі жетілдіріп отырады. Барлық оқытушылар өздерінің педагогикалық біліктіліктерін университет базасында оқу жылы бойы ұйымдастырылатын курстар мен әдістемелік вебинарларға қатысу арқылы жетілдіретіні,

университет сайтында виртуалды әдістемелік кабинеттің жұмыс жасауы ОПК-ның кәсіби шеберлігін дамытуға, жас мамандарға тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берілген.

### **Мықты жақтары**

1. «8D02314 (6D021400) – Әдебиеттану» БББ іске асыруда білім беру траекториялары қазіргі нарық сұранысына сәйкес толықтырылады;
2. Білім алушылар дербес түрде элективті пәндерді кез келген академиялық мерзімде таңдай алады;
3. БББ-ның оқыту мақсаты мен оның нәтижесіне бағытталған бағалау шарасының сәйкестігі қамтамасыз етілген;
4. Бақылауды жүргізу ережелері мен саясаты және бағалау өлшемдері БББ-да ұсынылған және АИС «Platonus» білім алушылардың жеке кабинетінде қолжетімді;
5. Бағалаушы тұлғалар педагогикалық біліктіліктерін курстар мен әдістемелік вебинарларға қатысу арқылы жетілдіріп, өздері жүргізетін пәндерге сәйкес қазіргі заманауи әдістемені меңгеру үшін курстардан өтіп отырады;
6. Университет тұрақты мониторингі білім алушылардың білім сапасы, ББ ұйымдастыру және іске асыру мәселелері бойынша тілектерін орындау қағидасын жүзеге асырады;
7. Қазақ әдебиеті кафедрасы оқытушыларының педагогикалық бейін, белгілі бір салада, бағытта маман ретінде біліктілігін арттыру бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтуі;
8. ClarivateAnalytics, Scopus және Springer дерекқорларына енгізілген журналдарда, нөлдік импакт-факторы бар ғылыми журналдар ғылыми мақалаларды жариялауы;
9. Оқу үрдісінің бағалау рәсімдерінің оқу нәтижелері мен ББ мақсаттарына сәйкестігі;
10. Студенттің білім беру траекториясы және білім алушылардың жетістіктері бойынша алға жылжуына мониторинг жүйесінің болуы.

### **ССК ұсыныстары:**

1. «8D02314 (6D021400) – Әдебиеттану» мамандығы бойынша үш тілде оқытылатын көптілді топтарды қалыптастыра отырып, көптілді білім беруді кеңінен енгізу.

**«Білім алушыларға орталықтандырылған білім беру, оқыту және оқу үлгерімді бағалау» стандарты бойынша: мықты - 10, қанағаттанарлық – 0.**

### **6.6. «Білім алушылар» стандарты**

#### **Дәлелдеу бөлімі**

«8D02314 – Әдебиеттану» БББ білім алушыларды қабылдау «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелері» мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторантурасына қабылдау ережелері мен үрдістерін есепке алу арқылы іске асырылады. Сол сияқты білім берудің жоғары мектебі ББ, мамандықтың кәсіби күзиреттігі көрсетілген анықтағыштар шығарылған.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ қабылдау емтихандары университетте жыл сайын бекітілетін «Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ға қабылдау ережелеріндегі» өзгерістер енгізілетін нормативті құқықтық актілерге сәйкес шетел тілі бойынша тестілеу және мамандық бойынша жазбаша емтихан түрінде жүргізіледі.

Кафедраларда білім беру бағдарламаларына тиісті емтихан билеттері талапқа сай жасалаған.

Докторанттар контингенті келісім-шарт негізінде мемлекеттік білім беру гранттар мен оқытуды ұсыну есебінен қалыптасады (2-кесте, 3-кесте, 4-кесте).

#### **2-кесте. Қаржыландыру көздері бойынша ББ докторанттар контингенті**

Қабылдау жылы	ЕҰУ-дің, бірліктердің мемлекеттік білім беру тапсырысы	ЕҰУ-дің, бірліктердің мақсатты тапсырмасы	Жыныстық көрсеткіш	
			Ер азамат	әйел

2016	1	-	1	-
2017	1	-	1	-
2018	8	-	5	3
2019	8	-	3	5
2020	12	-	4	8

БББ білім алушылары үшін білім алудың икемді формасы енгізілген. «8D02314 – Әдебиеттану» ББ табысты игеру үшін білімнің сатысы алдындағы пәндер тізімі, атап айтқанда пререквизиттер қалыптасты: «Әдеби зерттеу әдістері» (3 кр.), «Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар» (3 кр.). Білімнің алдындағы сатысында пререквизиттерді игермеген тұлғалар, оқытудың бірінші семестрі ішінде құжаттарды тапсыруға қабылдау емтихандары өткеннен кейін қажетті пәндерді ақылы түрде алдын ала игеру арқылы жіберіледі. Оқуға түсуші тұлғалар университеттің білім беру процесіне қатысты ережелермен таныса алады ([enu.kz](http://enu.kz)). БББ білім алушыларының арасында шетелдік білім алушылар жоқ.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ білім алушыларымен пәндердің оқытылу деңгейі, қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етілуі, жалпы оқу үдерісі мен ғылыми ізденіс жұмыстарына қатысты әңгіме, анкеталық сауалдар жүргізіліп отырады. Соның нәтижесіне қарай, аталған мәселелерге қатысты жетілдіру жұмыстары жүргізілген. (Кафедрада анкета сұрақтары, жауаптары сақталған).

Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламалармен Халықаралық ынтымақтастық департаменті, академиялық мәселелер бойынша департамент және жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім департаменті айналысады. Академиялық ұтқырлықты қаржыландыру университет тарапынан жүзеге асырылады.

Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша оқыту үрдісі П ЕҰУ 04-15 білім алушылар, ОПК және Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ АҰП сыртқы академиялық ұтқырлық туралы Ережелері негізінде іске асырылады. Академиялық сыртқы ұтқырлыққа байланысты екі жақты келісім жасалаған. 8D02314 – «Әдебиеттану» мамандығының оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес 2017 -2020 жылдар аралығында диссертация тақырыптарына байланысты ғылыми зерттеулерді қолдау бағдарламасы бойынша (докторанттарға арналған бағдарлама) докторанттар Гази университетінде, Эгей университетінде, Памуккале университетінде (Түркия); Масарика университетінде (Чехия, Брно); Қазан (Приволжский) федералды университетінде (Ресей) үш айлық академиялық ұтқырлықтан өткен (3-кесте).

### 3-кесте Докторанттардың ғылыми машықтанулары

№	Докторант Т.А.Ә.	Машықтану орны	Машықтану мерзімі
1	Әбділманатқызы Әсемгүл	Гази, Анкара	01.03.2016 – 30.05.2016
2	Нуриманов Бекарыс	Гази, Анкара	12.10.2016 – 08.01.2017
3	Сұлтанова Ақторқа	Памуккале, Денизли	18.09.2017 – 17.12.2017
4	Карипбаев Жанбота	Измир, Эгей университеті	30.10.2017 – 28.01.2018
5	Толбаева Динара	Масарика университеті (Чехия, Брно)	2018 ж. сәуір
6	Ғалымжанов Баянғали	Памуккале университеті, Денизли	15.10.2019-12.01.2020
7	Кәрімхан Заңғар	Памуккале университеті, Денизли	15. 10. 2019 – 12.01. 2020
8	Сыздықова Айсұлу	Памуккале университеті, Денизли	15. 10. 2019 – 12.01. 2020
9	Мамаев Жақып	Памуккале университеті, Денизли	15. 10. 2019 – 12.01. 2020
10	Аманғазықызы Мөлдір	Қазан (Приволжский) федералды университеті	16. 10. 2019 – 16.01. 2020
11	Алимбаев Аслан	Түркия мемлекеті, Измир	04. 11 2019 – 01.02.2020

		қаласы, Эгей университеті	
12	Мирзахметов Алмас	Түркия мемлекеті, Измир қаласы, Эгей университеті	04. 11 2019 – 01.02.2020

ББ білім алушылары негізгі бағдарламадан тыс өздігінен білім алуына да мүмкіндік бар. Бұл ретте университет ғылыми кітапханасының ғылыми-зерттеу ақпараттық қорын (<https://library.enu>) пайдалана алады. Білім алушылардың дербес тұлғалық болмысын қалыптастыру үшін көптеген клубтар мен бірлестіктер, атап айтқанда, «Пирамида», «Жеті жарғы», «Оратор», «Дипломатиялық альянс» жұмыс жасайды [http:// www.enu.kz /rujizn](http://www.enu.kz/rujizn).

ББ білім алушылары оқу үдерісінде, ғылыми-зерттеу бағытында ізденіс нәтижесін көрсете алады. Университет тарапынан ондай білім алушыларға қолдау жасалған. Мәселен, білім алушылар зерттеу жұмыстарының нәтижесін халықаралық, республикалық конференцияларды, симпозиумдарда, ғылыми басылымдарда жариялай алады. Докторанттар отандық ғылыми басылымдарда, шетелдік, рейтингілік журналдарда ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысын жариялап отырады. Атап айтқанда:

А. Abdilmanatkyzy. The Poetic Interpretation of Binary Opposition in the Structure of Myth//Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, Vol. IX, No. 1, 2017. 0975-2935. DOI: [https:// dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v9n1.03](https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v9n1.03). Full Text: <http://rupkatha.com/V9/n1/ v9n10> (импакт-фактор 0,1); Нұрیمانов Б. А comparison of the poetry of Karasaoglan and Bukhar Kalkamanuly (Karasaoglan ve Bukar Kalkamanulinin\\Milli folklor, 2018, №117, 41-56 бб. ISSN 2146-8087. (импакт-фактор 0,012); Нұрیمانов Б. Құтты білікте және қазіргі қазақ қоғамындағы отбасы құндылығы// ALTAI TOPLULUKLARI SEMPOZYUMU Mesken-Aile ve Aile Değerleri, 24-26 Temmuz, .-15-16 бб. 2017. İstanbul, Türkiye. Нұрیمانов Б. Құтты біліктегі бөрі бейнесі//ЕҰУ Хабаршы №5 (120) 2017. ISSN 1028-9364. Нұрیمانов Б. Құтты біліктегі халық пен биліктің қарым-қатынасы//«Мұхтар Әуезов мұрасы және рухани жаңғыру» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, 5-7 Қазан 2017.- 95-98 бб. -Семей. ISBN 978-601-313-052-1

Әбділманатқызы Ә. Постструктурализмнің әдіснамалық негіздері// Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы» Астана: ЕҰУ баспасы, № 3, 2017. Әбділманатқызы Ә. Әдебиеттанудағы құрылымдық әдіс концепциялары/// Қазақ білім академиясының баяндамалары 2017.- №3, - 230-236 б. ISSN 2305-7831.

Әбділманатқызы Ә. Феминистік сынның дамуындағы постструктуралистік әдістің рөлі// «Гуманитарлық ғылымдағы ізденістер мен жаңалықтар». Докторанттар мен магистранттарға арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана, 12 сәуір 2017. -Б. 108-112 . ISBN 978-9965-31-835-1

Алимбаев А. Рухани жаңғыру – Мәңгілік Ел негізі//Тюркская лингвокультурология: проблемы и перспективы: материалы X Международной научно-практической конференции учащихся, студентов и аспирантов. - Казань, 2019, 20-21 февраля, с. 23-24.

Алимбаев А. Көне түркі әдеби мұралары – мәңгілік ел идеясының жаршысы// Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы 2019, №1, - 190-196 б. ISSN 1999-4214 Алимбаев А. «Күлтегін» жырындағы мәңгілік ел идеясы// Қазақ білім академиясының баяндамалары 2019 №2, - 269-276 б. ISSN 2305-7831

Кәпұлы Д. Ақыт шығармашылығындағы Зар заман сарыны//Тюркская лингвокультурология: проблемы и перспективы: материалы X Международной научно-практической конференции учащихся, студентов и аспирантов. - Казань, 2019, 20-21 февраля, с. 205-207 бб.

Аманғазықызы М. Қазақ прозасындағы қала образы//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2019, №5/2, - 276-279 бб. ISSN 2073-333X.

Аманғазықызы М. Қазіргі қазақ прозасындағы «үй» архетипі// М.Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы, №4 (76), 2019, 286 – 290 б. ISSN 1680-0761.

Аргынбекова А. Ғылмани өлеңдеріндегі Сталиндік репрессия жаласының көріністері// Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы, 2019, №1. - 266-271 бб. ISSN 1608-2206.

Ғалымжанов Б. Мәшһүр Жүсіптің афоризмдеріндегі ұлттық құндылықтар// Қазақ білім

академиясының Баяндамалары. 2019. № 2, - 228-233 бб. ISSN 2305-7831.

Сол сияқты, қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен «Гуманитарлық ғылымдағы ізденістер мен жаңалықтар», докторанттар мен магистранттарға арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіліп, бұл ғылыми шараға да білім алушылар мақала жариялап отырады.

ББ білім алушылары үшін университет біліктілікті салыстырмалы түрде дамыту мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен серіктестік қарым-қатынасты жүзеге асырады. ENIS\NARIS орталықтарымен тығыз байланысады.

«6D021400 – Әдебиеттану» ББ түлектері басым түрде педагогикалық қызметті іске асыру үшін университеттің өзінде жұмысқа қалады, сондай-ақ мемлекеттің басқа салаларында жұмыс жасайды (11-кесте).

2015-2020 жылдар аралығында 7 докторант оқуын аяқтап, солардың ішінде 3 докторант диссертацияларын сәтті қорғаған.

<https://www.facebook.com/photo.php?fbid=771261196373617&set=t.100003222908035&type=3&theater>.

Докторанттардың еңбек нарығында қажет етілу және сертификаттау дәрежесі университет түлектерінің кәсіби білімнің тиімділігінде және еңбек нарығында талап етілуінде көрініс табады, бұл белгілі бір деңгейде университет рейтингісін анықтайды. Осы ретте кәсіпорын, мекеме мен ұйым басшыларымен кездесулер өтіп, бос орындар жәрменкесі ұйымдастырылады.

ББ-ны іске асырудың сыртқы бағалануы ББ түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші болып табылады. Университет ББ бітірушілерінің жұмысқа орналасу моноторингісін үнемі жүргізіп отырады. Бітірушілер докторлық диссертациясын уақытында қорғап, мамандық бойынша жұмысқа орналасуы қадағаланған.

#### 4-кесте. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-да оқу бітірген докторанттар

№	Докторант Т.А.Ә.	Бітіру жылы	Жұмыс жасау орны
1	Кәпұлы Дәулеткерей	2015	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің қазақ әдебиеті кафедрасы
2	Сағынадин Гулназ	2015	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің қазақ әдебиеті кафедрасы
3	Әбілғазы Қосын	2015	Шетел тілдері кафедрасы,ТарМПИ
4	Әбділманатқызы Әсемгүл	2017	Бала күтіміне байланысты демалыс
5	Нуриманов Бекарыс	2018	Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

Түлектер қауымдастығы жұмысын реттейтін ассоциацияның/бірлестіктің жұмыс жасауы маңызды. Түлектердің кәсіби қызметі мен мансаптық өсу мониторингісін карьера және бизнес-серіктестік бөлімі жүзеге асырады. Ол үшін университет сайтында жұмыс берушілердің ұйымдармен бірлесе қызмет ету, өндірістік тәжірибе мен жұмысқа орналастыру туралы сауалнамалар орналастырылған (<http://www.enu.kz/ru/karera/trudoustroistvo/anketirovanierabotodateley/>).

Университетте 2008 жылдың қазан айынан «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ түлектерінің ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі жұмыс істеп келеді. Ассоциацияның мақсаты – университет бітірушілерінің арасында серіктестік қатынас орнықтыру, ортақ мүдде мен қызығушылықты қалыптастыру, сол арқылы жастардың Almatater-ді таңдау мүмкіндігін дамыту. 2014 жылдың мамыр айында Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, ЦИКИ, АПИ-дің әр жылғы түлектерінің Слеті өтті. Бұдан кейінгі жылдары слет өткізу Ассоциацияның дәстүрлі шарасына айналды. Бұл шынайы, маңызды диалог алаңын құрды. Сол сияқты «ENUTalks» - елімізге белгілі түлектер мен білім алушылар арасында кездесу өткізіліп тұрады. Барлық іскерлік кездесулер ЕҰУ-дің бірыңғай

қауымдастығын қалыптастыруға ықпал етеді. Түлектер Ассоциациясы еліміздің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде интеллектуалдық, шығармашылық және іскер топтардың әлеуетін қалыптастыруға ықпал етеді, университеттің стратегиялық дамуына қолдау жасайды.

#### *Аналитикалық бөлім*

ССК мүшелері университетте контингенттің өсу динамикасы, жұмысқа орналасу пайызы жоғары екенін растады. Комиссия білім алушылардың сыртқы ұтқырлығын жүзеге асыруда оң үрдісті атап өтеді. Білім алушылар деканатпен байланыс (мектеп, факультет, бөлім) 68,3 пайыз менеджменттің қол жетімділік және жауаптылық деңгейі (университет, мектеп, факультет, кафедра) 66 пайыз, оқытудың сапасына, академиялық кеңес берудің қолжетімділігіне; Денсаулық сақтау қызметтерінің қол жетімділігіне 64,9 пайыз, кітапхана ресурстарының қол жетімділігіне 75,2 пайыз, қолданыстағы оқу ресурстарына 67,5 пайыз, оқытушы құрамның студентке қоятын талаптары 67,1 пайыз, оқу бағдарламаларының жалпы сапасына 68,5 пайыз, оқытушылардың объективтілігі мен әділдігі 66,2 пайыз, қанағаттанады. (қосымша 4). Білім алушылар контингенті мемлекеттік білім беру гранттары мен келісім-шарт негізінде қалыптасқан. БББ білім алушылары үшін білім алудың икемді формасы енгізілген. «8D02314 – Әдебиеттану» БББ білім алушыларымен пәндердің оқытылу деңгейі, қажетті оқу-зерттеу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуі, оқу үдерісі мен ғылыми ізденіс жұмыстары қадағаланып, анкеталық сауалдар жүргізіліп отырады. Академиялық сыртқы ұтқырлыққа байланысты екі жақты келісімдер жасалған. БББ оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес ғылыми зерттеулерді қолдау бағдарламасы бойынша (докторанттарға арналған бағдарлама) докторанттар Түркия, Чехия, Ресей мемлекеттерінде академиялық ұтқырлықтан өткен. Ұтқырлық кезінде докторанттар ғылыми кеңесшілерінің дәрістеріне қатыстып, ғылыми кеңесшілерінен диссертация туралы пікір алмасады. БББ білім алушыларына негізгі бағдарламадан тыс өздігінен білім алуына да мүмкіндік бар. Бұл ретте университет ғылыми кітапханасының ғылыми-зерттеу ақпараттық қорын (<https://library.enu>) пайдалана алады. Докторанттар отандық ғылыми басылымдарда, шетелдік, рейтингілік журналдарда ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысын жариялап отырады. ЖОО-да «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ түлектерінің ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі (2008) жұмыс істейді. Бітірушілердің еңбек нарығында қажет етілуі және сертификаттау дәрежесі университет түлектерінің кәсіби білімнің тиімділігінде және еңбек нарығында талап етілуінде көрініс тапқан.

Кафедралар қызметі стандарт өлшемдеріне сәйкес келеді деген қорытынды жасауға толық негіз бар.

#### *Мықты жақтары*

1. БББ білім алушылары үшін білім алудың икемді формасы енгізілген;
2. «8D02314 (6D021400) – Әдебиеттану» БББ бойынша Академиялық сыртқы ұтқырлық тиімді ұйымдастырылған;
3. БББ білім алушылары негізгі бағдарламадан тыс өздігінен білім алуы үшін университет ғылыми кітапханасында ғылыми-зерттеу ақпараттық қоры (<https://library.enu>) жасақталған;
4. Түлектердің еңбек нарығында қажет етілуі және сертификаттау дәрежесі кәсіби білімнің тиімділігінде және еңбек нарығында талап етілуінде көрініс тапқан;
5. Докторантиадың алыс және жақын шетелдерде, Қазақстанда өтетін халықаралық конференцияларға, ғылыми-зерттеу конкурстарына белсенді қатысуы;
6. ББ басшылығы оқуға түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларының болуы;
7. Білім беру бағдарламасына талапкерлерді қабылдау жұмысының жүйелілігі.

#### *ССК ұсыныстары:*

1. «8D02314 (6D021400) – Әдебиеттану» мамандығы бойынша пәндерді оқытуда зерттеулер



мен оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың базасын жетілдіре түсу керек.

«Білім алушылар» стандарты бойынша: мықты - 12, қанағаттанарлық – 0

### *6.7. «Профессор - оқытушылар құрамы» стандарты Дәлелдеу бөлімі*

Университетте қызметкердің атқарып жүрген қызметіне сәйкестігін және олардың өздерінің қызметтік міндеттерін өз дәрежесінде орындауына қатысты аттестация жүргізіледі.

«8D02314 – Әдебиеттану» мамандығын даярлау жұмысын қазақ әдебиеті кафедрасы жүзеге асырады. Кафедралардың профессор-оқытушы құрамының біліктілігі ББ бейіні мен оқытылатын пәндерге сәйкес келеді. Университет ашық кадр саясатын жүргізуде объективтілікті ұстанады. Оқытушы-профессорлар құрамы мен персоналдың кәсіби дамуына қажетті жағдай жасалған. Профессорлық-оқытушы штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ету бағытындағы кәсіби өсуі мен дамуын қамтитын ББ бөлінісінде объективті және ашық кадр саясаты жүргізіледі. ЖОО білім алушыға бағытталған оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін назарда ұстайды.

ЖОО ПОҚ сапалық құрамы белгіленген біліктілік талаптары, университет стратегиясы, ББ мақсаттарына сәйкес келеді. «8D02314 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасын іске асыру үшін кадрларды қажетті деңгейде даярлауына мүмкіндік беретін біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық әлеует қалыптасқан. Жоғары оқу орнында профессорлық-оқытушы құрамының сапалық құрамы белгіленген біліктілік талаптарына, оқу орнының стратегиясы, ББ мақсаттарына сәйкес іріктелінген. «8D02314 – Әдебиеттану» Білім беру бағдарламасын кадрлармен қамтамасыз ету көрсеткіштері 02.06.2007 ж. № 452 Білім беру әрекетін лицензиялау ережелері, 14.12.2007 ж. № 635 ОПҚ мен ғылыми қызметшілер лауазымдарына конкурс негізінде бос орындарға орналасу ережелерінің талаптарына сәйкес іске асырылады. «8D02314 – Әдебиеттану» ББ іске асыруға ҚР ҰҒА академигі С.Қирабаев, ҚР ҰҒА академигі С.Қасқабасов, ҚР ҰҒА академигі Д.Қамзабекұлы, ф.ғ.д., профессор Ж.Аймұхамбет, ф.ғ.д., профессор Р.Тұрысбек, ф.ғ.д., профессор Қ.Нұрғали, ф.ғ.д., профессор С.Жұмағұл, ф.ғ.д., профессор М.Оразбек, ф.ғ.д., профессор А.Үсен, ф.ғ.к., профессор С.Айтуғанова, профессор Ж.С. Бейсенова, ф.ғ.д., профессор С.Ш. Тахан, ф.ғ.д., профессор К.Б. Уразаева тартылған.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ іске асыруға қатысатын қазақ әдебиеті және орыс филология кафедраларының профессорлық-оқытушы құрамы туралы ақпарат персоналды басқару бөлімінің құжаттарында қамтылған, Platonus ААЖ-де, университеттің сайтында, кафедралардың беттерінде орналастырылған. Ақпарат білім алушыларға және ББ-ға түсуге ниет білдірушілерге толық қолжетімді.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ барлық модульдері тиісті оқытушылар кадрларымен қамтамасыз етілген. Барлық оқытушылардың базалық білімі ББ жүзеге асыратын кафедралар бейіндеріне сәйкес келеді. Университет тарапынан кадрлар деңгейінің сапалық құрамы үнемі қадағаланып, іріктеу жүргізіліп отырады. «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіндегі» «Қазақстан Республикасының еңбек заңнама», ПОҚ және ЖОО арасындағы еңбек келісімшарты басшылыққа алынады. Бос вакансиялық орындарға конкурс жарияланады. Ол университеттің сайтында ([www.enu.kz](http://www.enu.kz)) жарияланады.

Төмендегі кестеде «8D02314 – Әдебиеттану» ББ іске асыруға қатысатын профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежелері, олардың пайыздық арақатынасы көрсетілген.

#### **ББ іске асыруына қатысатын кадрлар құрамы**

Оқу жылы	ПОҚ жалпы саны	Оның ішінде ғылым докторы	Оның ішінде ғылым кандидаты	Оның ішінде ғылым PhD докторы	Оның ішінде

		саны	%	саны	%	саны	%	ер	әйел
2016-2017	21	11		9		-		13	8
2017-2018	22	11		9		1		13	9
2018-2019	19	11		6		1		11	8
2019-2020	19	11		6		1		11	8
2020-2021	21	11		7		2		13	8

ББ жүзеге асыруға тартылған ПОҚ жұмысқа қабылдану, жұмыстан шығарылуы «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіндегі» «Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен» жүйеленеді. ЕҰУ-да қызметшілерді жұмысқа қабылдаудың, лауазымға қабылдау, қызмет бойынша жылжыту, жұмыстан шығарудың айқын, ашық және объективті критерийлері жасалған; ПОҚ карьералық және кәсіби өсу мүмкіндіктері бар; білім мен ғылыми зерттеулер арасында байланысты бекіту үшін ғылыми әрекет, оқытудың инновациялық әдістері мен алдыңғы қатарлы технологияларды қолданады <https://www.enu.kz/ru/o-enu/osnovopolagayushchie-dokumenty/>; <https://www.enu.kz/downloads/materials/politika-v-oblasti-kachestva-ru.pdf>.

ББ басшылығы білім алушыларға бағдарланған оқыту мен оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлі үнемі басты орында тұрады. Атап айтқанда, осы талап ББ бағдарламасы паспорты, білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейіні, құзыреттілік картасы, жалпы кәсіби құзыреттілік сипаттамасы, білім беру бағдарламасы мазмұнында ескерілген.

«8D02314 – Әдебиеттану» мамандығының Білім беру бағдарламасында қамтылған «Академиялық жазба», «Әлемдік әдебиеттану ғылымы контекстіндегі отандық әдебиеттану», «Структуралық әдебиеттану және мәтін талдау», «Ғылыми зерттеу әдістері», «Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар», «Көркем туындыдағы авторлық позиция», «Сөз өнерін кешенді талдаудың филологиялық негіздері» пәндерінде бағдарланған оқыту мен оқытуға көшу негізге алынған. ББ анықтауда кафедралар профессорлық-оқытушылар құрамының оқу және ғылыми қызметі арасындағы теңгерімі қамтамасыз етілген. Оқу және ғылыми жұмыстар өзара байланыста өрістеуде.

Жоғары оқу орынында профессорлық-оқытушы құрамы соның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік берілген. ПОҚ қабылдау комиссиясы жұмысының нәтижелері бойынша 2016-2017 оқу жылы қазақ әдебиеті кафедрасына «8D02314 – Әдебиеттану» ББ түлегі Даулеткерей Кәпұлы, 2017-2018 оқу жылы «8D02314 – Әдебиеттану» ББ түлегі, PhD докторы Гүлназ Сағынадин, 2019-2020 оқу жылы «8D02314 – Әдебиеттану» ББ түлегі, PhD докторы Жанбота Карипбаев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтына ғылыми қызметкер болып қабылданды. Ол жоғары оқу орынында ПОҚ оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беріліп отырғанын көрсетеді.

ББ талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттіліктері бар филология саласының мамандары ғылыми-зерттеу нәтижелерін көрсету, тәжірибе жинақтау, ғылыми байланыс орнату арқылы ПОҚ кәсіби әрекетінің өсуін қамтамасыз етеді.

Ғылыми зерттеу нәтижелері түрлі басылымдарда, оның ішінде цитаталау индексы жоғары журналдарында жарияланған. 2016-2021 оқу жылдарында кафедралар бойынша ғылыми жоба жүргізіліп келеді. 2020-2021 оқу жылы ҚР БҒМ тарапынан қаржыландырылатын 2 ғылыми жоба бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілгенін анықтадық.

Төмендегі кестеде қазақ әдебиеті кафедрасының ПОҚ белсенді шығармашылық ізденістерін көрсететін 2016-2021 жж. жарияланған жұмыстар саны туралы мәліметтер ұсынылған.

#### ПОҚ-ның ғылыми мақалалары

Мерзімі	Ғылыми мақалалар саны				Барлығы
	Импакт-факторы бар журналдарында (Scopus,	ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы	республикалық конференция жинақтарында	шетел конференция жинақтарында	

	Thomson Reuters)	бақылау комитеті тізіміндегі басылымдар			
2016 жыл	11	20	33	32	96
2017 жыл	10	39	56	64	169
2018 жыл	5	29	36	10	80
2019 жыл	6	29	34	16	86
2020 жыл	6	17	19	9	51

Еуразия ұлттық университеті профессор-оқытушылар құрамының кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетіктерін дамытуды үнемі назарда ұстайды. 2016 жылдан бастап қызметшінің университеттің стратегиялық және оперативтік дамуына қосатын үлесін ынталандыру және көтермелеу мақсатында қанатқақты (пилотты) жүйеде КРІ ЕҰУ (П ЕҰУ 14-16 «РМКШМК «Еуразия ұлттық университеті» профессор-оқытушы құрамы, кафедра меңгерушілері, факультет декандарының КРІ туралы ережесі) жобасы қолға алынып, жүзеге асырылған. Жүйе профессор-оқытушылар құрамы мен қызметшілердің кәсіби және тұлға ретінде дамуын ынталандыруды қалыптастыруда ұтымды. Ол көрсеткіштер объективтілігі, айқындығы, қолжетімділігі мен өлшемділігі қағидаттарына негізделген. ПОҚ КРІ нәтижелерін есепке алу автоматталған ақпараттық жүйеде <http://kpi.enu.kz> сілтеме бойынша іске асырылады.

Қорытындалар көрсеткішін ЕҰУ сайтынан (<http://www.enu.kz/ru/info/novosti-enu/49489/?sphraseid=1113725>) көруге болады.

КРІ қорытындылары бойынша қазақ әдебиеті кафедрасынан ф.ғ.д., профессор Ж.Аймұхамбет; ф.ғ.д., профессор Р.Тұрысбек, ф.ғ.д., профессор А.Үсен, ф.ғ.к., доцент Б.Қорғанбеков, ф.ғ.к., доцент Қ.Кемеңгер, ф.ғ.к., доцент Р.Әбілхамитқызы марапатталған. Әрбір оқу жылдары бойынша автоматталған КРІ жүйесі ОПҚ, кафедра меңгерушілері, декан ұсыныстарын есепке алу арқылы жетілдіріледі. Оқытушы-профессорлар құрамын қосымша ынталандыру барысы оқыту сапасына оң ықпал етіп келеді.

ЖОО-да оқытушылардың күзінеттілігін бағалаудың тетіктері мен өлшемдері жасалған. Оқытушылардың күзінеттілігін жүйелі бағалау мен сабақ беру сапасының нәтижелелігін бағалау ішкі бақылау ашық сабақтары, сабаққа өзара қатысу, бақылау қатысулары; білім беру қызметінің сапасы мен ОПҚ күзінеттілігінің деңгейі туралы білім алушылардың пікірлерін анықтау; сыртқы бағалау жұмыс берушілер сауалнамасы, «Үздік оқытушы» конкурсына қатысу арқылы жүзеге асырылады.

2018 жылы ф.ғ.к., профессор Қ.Байтанасова, 2019 жылы ф.ғ.к., профессор С.Айтуғанова «ЖОО үздік оқытушысы» атанған.

Қазақ әдебиеті кафедрасы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ кафедраларының 2016, 2017 жылдарғы рейтингісінде 2 орында <http://www.enu.kz/ru/razvitie/reitingi/reiting-kafedr-enu-im-l-n-gumileva/>.

Жоғары оқу орынында білім беру үрдісінде on-line оқыту, е-портфолио, MOOCs өзге де заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдары ұтымды қолданылады. Дәстүрлі және электронды каталогтар қорымен жан-жақты жабдықталған ғылыми кітапханадағы кітап, электронды қорын қолданады.

Университеттегі электронды оқу басылымдары заманауи талаптарға жауап береді. Олар веб-сәйкестендіріліп, университеттің білім беру порталына салынған ([www.enu.kz](http://www.enu.kz)). Кафедра профессорлық-оқытушылар құрамы әлемдегі қазіргі пандемия жағдайына байланысты TИMS платформасында дәріс, практикалық сабақтарын өткізеді. Кафедрада «8D02314– Әдебиеттану» мамандығы бойынша дәріс жүргізетін ПОҚ-тың TИMS платформасындағы веб сілтемелері тіркелген. Кафедраларда профессор-оқытушылар құрамының е-портфолиосы толықтырылып отырады. Білім беру үрдісінде отандық электронды кітапхана [www.rnneb.kz](http://www.rnneb.kz), Қазақ ұлттық электрондық кітапхана (ҚазҰЭК) [www.kazneeb.kz](http://www.kazneeb.kz), «РГБ» [www.rsl.ru](http://www.rsl.ru), [www.nabr.kz](http://www.nabr.kz), ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты кітапханасы [auezovinstitute.kz](http://auezovinstitute.kz) abouts, Назарбаев Университеті кітапханасына [www.library.nu.edu.kz](http://www.library.nu.edu.kz), сонымен қатар Түркия

Республикасы EGE UNIVERSITY <https://edebiyat.ege.edu.tr/eng-0/homepage.html>, РФ Қазан Федералды университеті <https://kpfu.ru>, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті [www.msukz](http://www.msukz), Челябинск мемлекеттік мәдениет және өнер академиясы [www.chgaki.ru](http://www.chgaki.ru) т.б. шетелдік жоғары оқу орындарының кітапханаларындағы қажетті дереккөздері қолданылады.

ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға үнемі назар аударып отырады. «8D02314– Әдебиеттану»ББ іске асыруда кафедралардағы академиялық ұтқырлық аясында сабақ өткізу және бірлескен ғылыми жобаларға тарту мақсатында танымал шетел ғалымдарын шақыру жұмыстар жүйелі түрде атқарылған. Шетел ғалымдарын таңдау П ЕНУ 39-15 шетел мамандарын тарту және шақыру бойынша шығындарды өтеу тәртібі ережеге сай. Докторантурада дәріс оқу үшін шақырылған шетел ғалымдары:

Кафедра	Шақырылған профессордың Т.А.Ә., ЖОО	Шақыру мерзімі	Өткізілген ішаралар
Қазақ әдебиеті	Мұстафа Арслан, Памуккале (ЕҰУ ректорының 11.09.2018 жылғы № 1149 - п бұйрығы)	2018 жылдың 4.11.2018 – 3.12. 2018 ж.	«Қазіргі фольклористиканың өзекті мәселелері», «Түркі халықтарының әдебиеті» пәні бойынша дәріс оқу.
Қазақ әдебиеті	Фикрет Туркмен, Еге (Измир). Түркия. (ЕҰУ ректорының 02.12.2016 жылғы № 1640-п бұйрығы)	04.12-19.12.2016 ж.	«Ғылыми зерттеулердің әдеби-теориялық әдіснамасы» пәні бойынша дәріс оқу.
Қазақ әдебиеті	Султанов Казбек Камилевич, РФ. РФА Ресей Федерациясы және ТМД алықтарының әдебиеті бөлімінің меңгерушісі. Пандемия жағдайына байланысты келгені жоқ.	01.04.2019 – 30.04.2019 ж.	«Қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық мәселелері», «Еуразия кеңістігіндегі мәдениет пен әдебиет диалогы», «Этноұлттық бірегейлік әдебиеттанудың мәселесі ретінде» тақырыптарында дәріс оқу.
Қазақ әдебиеті	Метин Екижи, Еге (Измир)Түркия. Пандемия жағдайына байланысты келгені жоқ.	01.11.2019 – 30.11.2019 ж.	«Қазіргі фольклористиканың өзекті мәселелері», «Түркітілдес халықтардың фольклорлық жанларының теорисы мен тарихы» тақырыптарында дәріс оқу.

ЖОО ББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттіліктері бар отандық тиісті сала мамандарын оқытуға үнемі тартып отырады. ПОҚ базалық білімі, ғылыми дәрежесі мен атағы «8D02314 – Әдебиеттану» ББ сәйкес келеді. Профессор-оқытушылар құрамы Білім беру бағдарламасын іске асыруға қатысады. Кафедралардың профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежесі өте жоғары. «Академиялық жазба», «Әлемдік әдебиеттану ғылымы контекстіндегі отандық әдебиеттану», «Структуралық әдебиеттану және мәгін талдау», «Ғылыми зерттеу әдістері», «Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар», «Көркем туындыдағы авторлық позиция», «Сөз өнерін кешенді талдаудың филологиялық негіздері» атты қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымының өзекті курстарынан кәсіби құзыреттілігі бар білікті мамандар дәріс оқиды. ПОҚ ғылыми зерттеулері оқу құралы, монография түрінде жарияланып, ББ бойынша оқу үдерісіне енгізген. Жарияланған оқу құралдарының авторлары авторлық құқық нысанына ие.

ЖОО қызметінің басым бағыттары академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағытталған. Түркия Республикасы Эге университетінің профессоры Метин Екижи, РФ РФА Ресей Федерациясы және ТМД алықтарының әдебиеті бөлімінің меңгерушісі Султанов Казбек Камилевичтің «8D02314– Әдебиеттану» мамандығында білім алатын докторанттарға оқылатын дәрістері пандемиялық жағдайға байланысты кейінге қалдырылған.

ЖОО-да әрбір оқытушы университетте сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерлетуге тартылған. ЕҰУ-да қабылданған академиялық адалдық саясатына сәйкес университеттегі академиялық адалдықтың басты қағидаттарын құрайтын ұстанымдар: 1) білім беру үрдісіне қатысушылардың жұмыс орындарында өздеріне жүктелген міндеттерін адал, шынайы атқару; 2) жұмыс барысында пайдаланылатын басқа тараптардың авторлық интеллектуалды құқығын мойындаудағы шыншылдық, басқалардың сөзін, ойын дәйек сөз ретінде келтіру және ақпараттар көзін көрсетуде адалдықты сақтау; 3) білім беру үрдісіне қатысушылардың өзара ашық ақпарат және идеялар алмасуындағы ашықтықты ұстану; 4) білім беру үрдісіне қатысушылардың құқығы мен академиялық еркіндігін құрметтеу; 5) білім беру үрдісіне қатысушылардың академиялық адалдық қағидаттарын сақтаудағы теңдігі және оларды бұзу жағдайында жүктелер жауапкершіліктерін сезіну.

Университеттегі оқыту сапасы бірнеше жолмен бағаланады. Біріншіден, әрбір оқытушы алдын ала пәннің оқу-әдістемелік кешенін құрастырып, семестр басталғанға дейін Платонсқа жүктейді. Сол арқылы оқытылатын пәннің мазмұны білім алушыларға сонымен қатар тексеріс, бағалау қажет болған жағдайларда кафедра меңгерушісіне қол жетімді болып табылады. Екіншіден, университетте білім алушыларға электронды сілтеме немесе «Платонус» ААЖ арқылы жүйелі түрде тәуелсіз сауалнама жүргізіледі. Үшіншіден, университеттің факультет және құрылымдық бөлімшелері арқылы сабақтың жүргізілу сапасын бақылау мақсатында сабақтарға қатысу (онлайн форматта және орындарда) қолға алынып келеді. Төртіншіден, әдістемелік бөлімі тарапынан ашық сабақтарға қатысу жүйеленіп, қолға алынып отырады (әрбір семестрге ашық сабақтар кестесі жасалып бекітіледі), ашық сабақтардың өткізілуі, сапалық деңгейі факультеттің оқу-әдістемелік төрағасы талқылауымен хаттамаға түсіріледі.

#### *Аналитикалық бөлім*

Жалпы алғанда, кафедралар қызметі стандарт өлшемдеріне сәйкес келеді деген қорытынды жасауға негіз толық бар. БББ жүзеге асыратын ПОҚ жоғары оқу орнының даму стратегиясын жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. БББ профессор-оқытушылар құрамының мансаптық өсуіне және кәсіби даму мүмкіндігіне сай құрылған. Университет ғылыми қызмет пен білімнің интеграциясын, оқытудың инновациялық әдістерін қолдануды ынталандырып отырады. Ол КРІ жүйесін жетілдіруде көрініс тапқан.

Маңызды факторлар қатарында төмендегі мәселелерді баса көрсетемі: кафедралардың профессорлық-оқытушы құрамының біліктілігі ББ бейіні мен оқытылатын пәндерге сәйкес келеді. Университет ашық кадр саясатын жүргізуде объективтілікті ұстанады. Оқытушы-профессорлар құрамы мен персоналдың кәсіби дамуына қажетті жағдай жасалған. Профессорлық-оқытушы штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ету бағытындағы кәсіби өсуі мен дамуын қамтитын ББ бөлінісінде объективті және ашық кадр саясаты жүргізіледі. ЖОО білім алушыға бағытталған оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін назарда ұстайды. Жоғары оқу орынында профессорлық-оқытушы құрамы соның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік берілген. Әр қызметшінің университеттің стратегиялық және оперативтік дамуына қосатын үлесін ынталандыру және көтермелеу мақсатында қанатқақты (пилотты) жүйеде КРІ ЕҰУ (П ЕҰУ 14-16 «РМК ШМК «Еуразия ұлттық университеті» оқытушы-профессорлар құрамы, кафедра меңгерушілері, факультет декандарының КРІ туралы ережесі) жобасы қолға алынып, жүзеге асырылуда. Кафедраның ББ оқытушылардың кәсіби және тұлғалық дамуына, оның ішінде ғылыми жұмыспен айналысуы мен білім алуына, сондай-ақ оқытуда инновациялық әдістерді пайдалануына қарай көтермелеу жолға қойылған. Бұған қатысты мәселелер оқытушылармен жүргізілген сұқбат және сауалнама алу барысында да дәлелденді. (қосымша 3)

### ***Мықты жақтары***

1. ЖОО ПОҚ сапалық құрамы белгіленген біліктілік талаптары, университет стратегиясы, ББ мақсаттарына сәйкес келеді;
2. «8D02314– Әдебиеттану» білім беру бағдарламасын іске асыру үшін кадрларды қажетті деңгейде даярлауына мүмкіндік беретін біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық әлеует қалыптасқан;
3. ББ басшылығы білім алушыларға бағдарланған оқыту мен оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлі үнемі басты орынға қойылған;
4. Жоғары оқу орынында жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік берілген;
5. Қазақ әдебиеті кафедрасы ЕҰУ кафедраларының 2016, 2017 жылдарғы рейтингісінде 2 орыннан көрінуі;
6. жоғары оқу орнының білім беру үрдісінде on-line оқыту, е-портфолио өзге де заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдары ұтымды қолданылады;
7. ЖОО академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға үнемі назар аударып отырады;
8. ЖОО ПОҚ-ның мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік береді;
9. Білім беру үдерісінде ПОҚ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді қолдану маңызды факт болып табылады;
10. ПОҚ-ның ғылыми әлеуеті «8D02314 – Әдебиеттану» БББ-на қызмет көрсетуге толық сәйкес келеді.

### ***ССК ұсыныстары:***

- 1.«8D02314 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша практика базасын кеңейту ұсынылады.

***«Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты бойынша ББ критерийлері бойынша: мықты - 10, қанағаттанарлық – 0.***

### ***6.8. «Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері» стандарты***

#### ***Дәлелдеу бөлімі***

Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде материалдық-техникалық базаның және ақпараттық ресурстардың болуы мамандарды кәсіби даярлаудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Мамандықтың ББ қажетті материалдық-техникалық ресурстармен және инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Мамандықтың материалды-техникалық базасын жаңалау мен жетілдіру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілген.

ЖОО инфрақұрылымы заманауи талаптарға сәйкес келеді. Еуразия ұлттық университеті білім алушыларды жүйелі қолдаудағы табысты да нәтижелі әрекетінде заманауи материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген. Жоғары оқу орынының білім беру ресурстары оның миссиясына және Білім беру бағдарламасының мақсатына сәйкес келеді. Университеттің алдына қойылған стратегиялық даму мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті барлық оқу-материалдық активтері жеткілікті. ЕҰУ ғимараттары мен құрылымдарының қауіпсіздікпен қамтылуы қолданыстағы өртке қарсы қауіпсіздік ережелері, санитарлық нормативтер талаптарына сәйкес келеді. ЕҰУ РМК ШМҚ жеке меншік құқығындағы алаңдар – дәрісханалық және зертханалық базалар, оқу кабинеттері, шеберханалар мен басқа ғимараттар, спорт құрылымдары белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкес келеді. Университет аймағында медициналық орталық жұмыс жасауда.

ББ басшылығы қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз етілген. «8D02314– Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар

жеткілікті. «8D02314– Әдебиеттану» ББ оқыту Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің Қажымұқан, 11 мекенжайы бойынша орналасқан оқу-зертханалық ғимаратта өткізіледі. Оқу үдерісінде қолданылатын ғимараттар тиісті жиһаз, компьютерлік техника, дәстүрлі және интерактивті тақталар, көрнекі стендтармен қамтамасыз етілген. Абонемент, интернет желісіне жалғанған жаңа үлгідегі компьютерлері бар электронды қор залы жұмыс істейді. 350 орындық «Отырар» ғылыми оқу залының қорын қолдану мүмкіндігі бар. 45 орындық «Отырар» кітапханасының электронды қор залы ғаламтор желісіне жалғанған 45 компьютермен қамтылған.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ қолданылатын ОЗҒ оқу алаңы қолданыстағы санитарлық нормативтерге және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді. Оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар жеткілікті және талаптарға сай.

Кафедраларда жыл сайын компьютер, принтер, ксерокс, көпфункционалды құрылымдар, сканер, ноутбуктер; оқу дәрісханаларын техникалық құралдармен қамтамасыз етілуі (проектор, интерактивті және мультимедиялық тақталармен, проекторларға арналған экрандармен) сипатындағы материалдық-техникалық базаның жаңартылуы іске асырылған.

Қазақ әдебиеті мен орыс филология кафедраларының атына бекітілген дәрісханалар тізімі:

№	Ғылыми зертханалар атауы	Орын саны	Алаңы, ш.м
1	Абай ат. дәрісхана № 321	60	
2	Р.Нұрғали ат. дәрісхана № 218	70	
3	Ә.Шәріпов ат. мамандандырылған дәрісхана № 321	30	
4	Пушкин қонақ үйі (№ 206 дәрісхана)	40	

ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО-ның іске асыратын ББ қажеттіліктеріне толықтай сәйкес келеді. Білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық қолдау мақсатында онлайн-оқыту, модельдеу, деректер базасы, деректерді тадау бағдарламалары жүзеге асырылған. ЕҰУ сайтында (<http://edu.enu.kz>,) төмендегі ақпараттық ресурстар ұсынылған: ПОӘК, оқу және өндірістік практика бағдарламалары, тиісті білім беру технологияларының іске асырылуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдар.

Қазақ әдебиеті кафедрасы, білім беру бағдарламаларының ерекшелігі туралы ақпарат, кадрлар анықтамалығы филология факультетінің сайтында орналасқан: <http://ff.enu.kz/subpage/kafedra-kazahskoj-literatury>, <http://ff.enu.kz/subpage/kafedra-ruskoj-filologii>.

Қазақ әдебиеті кафедрасының электрондық мекенжайы: [kafedra\\_kzli@enu.kz](mailto:kafedra_kzli@enu.kz).

Кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндер бойынша қағаз және электрондық тасмалдағыштағы оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорына, мерзімді басылымдарға, ғылыми деректер базасына қол жетімді. Қазіргі таңда білім алушылар үшін білім беру интернет-ресурстарын қолдануға барлық жағдай жасалған. Интернет-ресурстарды қолдану қолжетімді. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ аймағында тегін WI-FI жұмыс жасайды. Жеке логин мен пароль арқылы барлық білім алушылар, ПОҚ мен қызметшілердің оқу материалдарына, қазіргі техникалық құралдарымен қамтылған ғимараттар мен дәрісханаларға қолжетімділігі қамтылған (мысалы, 101А, 110, 223 дәрісханалар). Өзара кері байланысты іске асыру үшін ЖОО Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ веб-сайтының ресурстары қолданылады. ПОҚ жұмысын PLATONUS жүйесінде орналасқан жасырын сауалнама жүргізу арқылы бағалау жүйесі қарастырылған.

Ғылыми кітапхана веб-сайты <https://library.enu> және оның әлеуметтік желідегі <https://www.facebook.com/enu.library1>; [https://www.instagram.com/library\\_enu](https://www.instagram.com/library_enu); <https://www.youtube.com/channel/UC3B-d8TTe0uh2NjHJQeDagw/videos>; [https://vk.com/library\\_enu1](https://vk.com/library_enu1) сипатындағы парақшалары кітапхана қызметінің тиімділігін көрсетеді. Басты бетте қызмет көрсету «Бірыңғай іздеу терезесі» және «Виртуалды анықтамалық қызмет» (WhatsApp +7 778 419 0220) 24/7 форматында ұсынылған.

ББ басшылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша ілгерлеу үшін жағдай жасалған.

ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылым мен білімнің интеграциясы, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау үшін толық жағдай жасалған. Универстетте, факультетте ПОҚ қызметкерлерін, білім алушыларды зерттеу жұмыстарына тарту мақсатында «Рымғали Нұрғали оқулары», «Ғылым және білім» республикалық, халықаралық ғылыми конференциялар жүйелі түрде өткізіліп келеді. Кафедрада «Көкейкесті әдебиеттану» атты ғылыми зерттеулер жинағы жарық көреді. ПОҚ ғылыми зерттеулері университет хабаршысының Филология сериясында жарияланып отырады. Жас ғалымдардың дәстүрлі «Ғылым және білім» атты халықаралық ғылыми конференциясы жинағында оқытушылар, докторнаттар мақалары басылады. Кафедраларда білім алушыларды түрлі ғылыми жобаларға, конкурстарға тартуда іс-шаралар қолға алынып келеді. Үздік ғылыми жұмыстар республикалық конкурстарға ұсынылады.

ЖОО ББ меңгеру үшін пайдаланылатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдарды тиісті оқу бағдарламаларында қолданатындарға ұқсас болуын назарда ұстап отырады. Ғылыми кітапхана қоры «Электронды кітапхана» АИБС жүйесінде көрініс тапқан ББ <https://library.enu.kz/MegaPro/Web>(базы данных «Кітаптар каталогы», «Мерзімді басылымдар», «ЕҰУ ПОҚ еңбектері», «ЕҰУ Хабаршысы»). Электронды каталог көлемі – 168 мың библиографиялық жазбаны қамтиды.

Республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхана (РЖЭК) [www.rmeb.kz](http://www.rmeb.kz), Қазақ ұлттық электрондық кітапхана (ҚазҰЭК) [www.kazneb.kz](http://www.kazneb.kz), БД «Адилет» [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz) және әлем мәліметтер базасына: «SpringerLink» [www.rd.springer.com](http://www.rd.springer.com), «Thomson Reuters» [www.wokinfo.com](http://www.wokinfo.com), «ELSEVIER» [www.sciencedirect.com](http://www.sciencedirect.com), «ПОЛПРЕДcom» [www.polpred.com](http://www.polpred.com), «РГБ» [www.rsl.ru](http://www.rsl.ru), [www.nabr.kz](http://www.nabr.kz), Назарбаев Университеті кітапханасына [www.library.nu.edu.kz](http://www.library.nu.edu.kz), Қазақстан ЖОО кітапханаларына [www.rmeb.kz](http://www.rmeb.kz), сондай-ақ шетел ЖОО кітапханаларына (М.В.Ломоносов ат. ММУ [www.msu.kz](http://www.msu.kz), Челябинск мемлекеттік мәдениет және өнер академиясына [www.chgaki.ru](http://www.chgaki.ru), Климент Охридский ат. София университетіне [www.uni-sofia.bg](http://www.uni-sofia.bg)) қолжетімді. Универстетте ББ аясындағы пәндер блогынан оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер қоры жинақталған. Жыл сайын жаңадан жарық көрген ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектермен толықтырылуға сұраныс жасалады. Қажетті ғылыми еңбектерді, оқу-әдістемелік әдебиеттерді сатып алу тұрақты түрде жүргізіледі.

2021 жыл бойынша кітапхана қоры 1509064 дананы құрайды. Соның ішінде қазақ тілінде – 536508 дана ( жалпы қордың 35,6 %). Атап айтқанда:

- Оқу және оқу-әдістемелік әдебиет– 926798 дана (жалпы қордың 61,4 % ), қазақ тілінде – 360469 дана.;

- Ғылыми әдебиет – 391743 дана. (26 %), қазақ тілінде – 119889 дана.;
- Қосымша әдебиет – 190523 дана, қазақ тілінде – 56150 дана.
- Мерзімді басылым қоры – 24720 дана, қазақ тілінде – 10129 дана.
- Электронды оқулықтар (CD, DVD) – 32152 дана, қазақ тілінде – 8954 дана.

Цифрленгені – 47923 атау (қордың 31,7%); қордағы 150 880 атаулы кітап.

«ЕҰУ ғалымданың ең бектері» базалық мәліметтерінде – 27 321 дана, соның ішінде:

Толық мәтінді кітаптар – 3542 дана.

Толық мәтінді мақалалар – 23 779 дана.

ББ басшылығы ақпараттандыру мен кеңес беруді қоса алғанда білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерін міндетті түрде ұстанып келеді. Универстетте білім алушылардың әр топтары, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі білім алушылардың қажеттіліктері ескерілген. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ академиялық саясатына сәйкес университеттің академиялық қызметіндегі басты қағидаттарында барлық білім алушыларға бірдей мүмкіндік жасау, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, гендерлік, жас ерекшелігі өзге де белгілеріне қарау сонымен қатар ерекше білім алу қажеттілігі барларға қатысты кемсітушілікке жол бермеуді ұстанады. Мәселен, шығармашылық қабылдау емтихандарына ерекше білім беру қажеттілігі бар талапкерлерге қатысты, яғни олардың ешбір кедергілерсіз емтихан тапсыруларына мүмкіндік берілетін арнаулы параграф енгізілген. Соған сай ерекше білім беру қажеттілігі бар талапкерлердің психофизикалық дамуын есепке алу, денсаулық мүмкіндіктерін назарда ұстау мәселелері жан-жақты келісіледі.

Сонымен қатар факультеттер деңгейінде диагноздары бойынша мәліметтер базасы жасалған.



2020 жылдың 1 тамызына дейінгі жағдай бойынша, университетте ерекше білім беру қажеттілігі бар 124 студент оқиды. 5 студент қашықтықтан оқытылады.

ББ басшылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша алға жылжу үшін толық жағдай жасаған [www.enu.kz](http://www.enu.kz) сайтының «Оқыту» мәзірінде «Инклюзивті білім» бөлімі берілген (<http://www.enu.kz/ru/informatsiya-po-inklyuzivnomu-obrazovaniyu/>).

Сонымен қатар университет ғалымдарының атаулы библиографиялық көрсеткіштер, жаңа түскен кітаптар бюллетені өзге де пайдалы ақпарат енгізілген. Web-сайт ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларға бейімделген. Соның ішінде көру қабілеті нашар білім алушыларға арналған «Медиатека» бар [www.emedia.enu.kz](http://www.emedia.enu.kz).

ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушы, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескеріп отырады. Ғылыми кітапхана тарапынан «Қолжетімді ақпараттық орта» жобасы жүзеге асырылған. Көру мүмкіндігі шектеулі тұтынушылардың ресурсы мен қызметіне қатысты сауалнама жасалып, электронды поштамен ақпарат жеткізу қарастырылған. Қажетті оқу басылымдарының цифрлі форматын аудару ұсынылады.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ сайтының «Виртуалды әдістемелік кабинет» бөлімінде «Инклюзивті білім беру» қосымшасы жасалған. Онда университеттің профессор-оқытушылар құрамына (ПОК) қажетті материалдар жүктеледі.

Жоғары оқу орынының инфрақұрылымы өрт қауіпсіздігі, санитарлық талаптарды сақтау сипатындағы қауіпсіздік талаптарына сәйкес қамтамасыз етілген.

#### Аналитикалық бөлім

Жалпы алғанда, кафедралар қызметі стандарт өлшемдеріне сәйкес келеді деген қорытынды жасауға негіз толық бар.

ССК мүшелері жүргізген онлайн-сауалнама нәтижесі:

№	Сұрақтар	Жауаптар		
		Толықтай қанағаттанамын	Жартылай қанағаттанамын	Қанағаттанбаймын
1	Менеджменттің қол жетімділік және жауаптылық деңгейі (университет, мектеп, факультет, кафедра)	41%	23,5%	5,5%
2	Білім алушыларға арналған қонақ бөлмелер	57,5%	18,8%	8,5%
3	Білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету	63,2%	21,1 %	5,5 %
4	Деканатпен қарым-қатынасқа	68,3%	26 %	2 %
5	Білім алушы мен оқытушы қарым-қатынасқа	66,5%	26%	4 %
6	Университеттің қолданыстағы білім беру ресурстары	67,5%	24,3%	4,3%

ЖОО инфрақұрылымы заманауи талаптарға сәйкес келеді. ББ басшылығы қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған. ББ мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз еткен. ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО-ның іске асыратын ББ қажеттіліктеріне толықтай сәйкес келеді. ЖОО ББ меңгеру үшін пайдаланылатын

оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдарды тиісті оқу бағдарламаларында қолданатындарға ұқсас болуын назарда ұстап отырады. ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушы, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескеріп отырады.

### ***Мықты жақтары***

1. Жоғары оқу орынының білім беру ресурстары оның миссиясына және Білім беру бағдарламасының мақсатына сәйкес келеді;
2. «8D02314 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар жеткілікті;
3. Білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық қолдау мақсатында онлайн-оқыту, модельдеу, деректер базасы, деректерді тадау бағдарламалары жүзеге асырылып келеді;
4. ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылым мен білімнің интеграциясы, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау үшін толық жағдай жасалған;
5. ББ басшылығы ақпараттандыру мен кеңес беруді қоса алғанда білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау талаптарын міндетті түрде ұстанып отырады;
6. Барлық оқу ғимараттары, студенттік жатақханалар мен университеттің ғылыми- техникалық кітапханасы бірыңғай корпоративтік желіге оптикалық байланыстың көмегімен біріктірілген;
7. Ақпараттық ресурстар білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне сәйкес келеді;
8. ББ бойынша оқу үдерісін жүзеге асыру үшін оқу-әдістемелік құралдар мен монографиялар және ғылыми әдебиеттердің қоры жеткілікті;
9. Ақпараттандыру және кеңес беруді қоса алғанда, білім алушылардың түрлі топтарын қолдау рәсімдерінің болуы.

### ***ССК ұсыныстары:***

1. «8D02314– Әдебиеттану» мамандығы бойынша кафедра профессор-оқытушылары тарту еткен жеке кітапхана бұрышын ашу ұсынылады.

«Білім беру ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйелері» стандарты бойынша ББ крит ийлері бойынша: мықты - 9, қанағаттанарлық – 4.

### ***6.9 «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты Дәлелдеу бөлімі***

Білім беру үдерісін қолдау құралы және ақпаратпен алмасу арнасы университеттің веб-ресурстары болып табылады. Сайттарда орналастырылған ресми ақпарат ЖОО әрекетінің негізгі салалары: сыртқы және ішкі саласына (университеттік) байланысты.

Университеттің Веб-сайты қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жұмыс жасайды. Яндекс Метрика мәліметтері бойынша, сайтқа [www.enu.kz](http://www.enu.kz) жыл сайын 1,1 млн. астам тұтынушы кіреді, ал жалпы қолданылуы 3,64 млн. құрайды. Сонымен қатар, 48,2% тұтынушылардың жасы 18-24 аралығы (абитуриенттер мен студенттер, жұмыспен қамтушылар), 10,2% - 18 жасқа дейін (мектеп оқушылары мен талапкерлер), 27,6% - 25-34 жастағылар (әлеуетті студенттер, магистрант пен докторанттар), 5,2% - 35-44 жаста (докторантураның әлеуетті студенттері, ғалымдар, ата-аналар), 8,29% - 45 тен 54 жасқа дейін (ғалымдар, ата-аналар). Сонымен, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ сайтына жоғары қызығушылық білдіретін әлеуетті талапкерлер мен бакалавриат, магистратура, докторантура білім алушылары болып табылады.

«Оқуға түсу» тарауы (<http://www.enu.kz/ru/abiturientu/>) ЕҰУ ресми сайтының тұтынушыларына ЖОО-ға түсудің жалпы шарттары туралы ақпаратты – оқуға түсу балы, қажетті құжаттар, оқуға түсу шарттары, шетел талапкерлеріне арналған ақпарат, оқудың 2020-2021 оқу жылына арналған білім бағдарламасы, пән кредиттері мен депозиттер мүмкіндіктері туралы ақпаратты ұсынады. Білім алушылар ішкі гранттарға ие болу, білім алушыларға арналған

жеңілдіктер мен әлеуметтік көмек туралы қолданыстағы ережелерді таба алады.

Бірінші курс студентіне арналған анықтамалықта (<http://www.enu.kz/ru/karera/studentam/>) университет, баға қою әдістері мен критерийлері, түрлі емтихан, сынақ өткізу ережелері туралы жалпы ақпарат беріледі.

Күн сайын жаңалықтар рубрикасында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ұжымдық басқару органдары – ректорат, Ғылыми кеңес, ғылыми-техникалық кеңес және т.б. мәжілістері туралы материалдар жарияланады (<http://www.enu.kz/ru/info/novosti-enu/49910/>, <http://www.enu.kz/ru/info/novosti-enu/49703/>). Жыл сайын университетте Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының қоғамдастықпен есептік кездесуі өтеді. Кездесуде ЖОО бірінші жетекшісі ЕҰУ-дің өткен жылдағы атқарған жұмысы туралы баяндайды (<http://www.enu.kz/ru/info/novosti-enu/45398/>). Ректордың есеп беру кезінде ЕҰУ сайты тікелей трансляция (YouTube-канал арқылы) жүргізеді, ал кейірек ЕҰУ-дің ресми арнасында YouTube сілтемесі орналастырылады (<https://www.youtube.com/watch?v=7kp7lFvRpHo>).

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ университет әрекеті мен «8D02314 – Әдебиеттану» ББ іске асыру туралы ақпаратты үш тілде жұмыс жасайтын (қазақ, орыс, ағылшын) ресми сайтта [www.enu.kz](http://www.enu.kz) жариялайды. Сайтта жоо саясаты, мақсаттары, міндеттері, ғылыми-білім беру сипатындағы ақпаратты – университеттің құрылымы, тарихы мен жетістіктері, жоо және жоғары оқу орнына кейінгі дайындық, халықаралық бағдарламалар туралы ақпаратты жарияланады.

«8D02314 – Әдебиеттану» ББ толық сипаттамасы кафедраның бетінде орналасқан <http://ff.enu.kz/subpage/rukovodstvo-kaf-kazlit>. Сондай-ақ кәсіби құзыреттер, алатын біліктілік, мамандықтың ерекшелігі және еңбек нарығы, оқуға түсу талаптары мен оқу ақысы туралы да ресми сайтта ақпараттар жүктелген. Кафедралардың веб-беттерінде кафедраның әлеуеті туралы ақпарат, ОПК, халықаралық ынтымақтастық, ғылыми жобалар мен практика базалары туралы жалпы мәлімет берілген.

